Кысыктан чыга калган Жаңылды атайын кiтiп турган Абыл чылбырдан алат. Ошондо Жаңыл канжарын сууруп чыгып саярда анын Абыл экенин таанып калат. “Аттиң болбос...” деп айласы жок колго тiшiп берет. Колго тiшкөн Жаңылды Тiлкiнiн эли кеңешип отуруп, кордукта өмiрi чирисин деп бир кары адамга аялдыкка беришет. Арадан 2-3 жыл өткөндөн кийин айылдын аксакалдары Жаңылдын өнөрiн көрiп, чер жазмак болушуп, кыз кездеги жаа тарткан өнөрiн көргөзсiн, - дешип Абылды ага жөнөтiшөт. Ошондо Жаңыл мындай дейт:

Кой деп айт, мындай жолго эл салбасын,  
Элиртип болбос жерден кыстабасын.  
Капаста “эрк” сагынган мен бир туткун,  
Ат минсем, кетеримди эсине алсын.

Кетiгө бет тiзөсөм сендей эрлер  
Майданда салмакташып, кан акпасын.  
Махабат кiсiн кiлөй андан көрө,  
Капаста Жаңыл жаны кiйсiн, жансын [3].

Ушул саптар автор тарабынан абдан жандуу, тiшiнiктi, сөз уйкаштары да орундуу берилген. Бирок Жаңылдын айткандарына эл көнбөй, ага Шырдакбектин аргымагын мингизип, жоо-жарагын колуна карматып кое беришет. Ошондо Жаңыл бир кезде өзiн колго тiшiрiп алып келген Абылдын калпагын көккө ыргыттырат да аны жерге тiшiрбөй 15 жолу атып

төбөсүн тийирет. Анан Абылга “кош кайним” деп, атты чаптырган бойдон качып кетет. Ушул саптардан кийин поэмада “өткөн кін” мотиви абдан көп айтылат. Жаңыл качып кеткенден кийин карап калган элдин көбү аны ар тирдүүчө кеп кылышат. Ошондо:

“Кап сени, бир серпишпей” деген болуп,  
Өкүндү кур демдүүлөр санын салып.  
“Бейбактан тукум албай, бекер кылдык”  
Деп бир топ эл тарады арманданып...

делет.

Демек, Касым Тыныстановдун поэмасында Жаңыл баатыр бала төрөгөн эмес. Ал качып, өзүнүн нойгут элине келсе, элин кытай каратып алган болот. Жолу болбогон Жаңыл өзі атып өлтүрүп, бирок көмүлбөй, баштарын жору, кузгун мүйүзүп бөткөн төрт жерде жаткан эрлердин сөөгүнө келет. Ал жерде калган Ыйкө, Тилки, Атагозу, Чабактан Тилкиндин баш сөөгүн таанып, аны кармаган боюнча өзүн-өзі өлтүрөт. Поэма ушундай мазмунда аяктайт.

Поэмада айтылгандай, кантип эле Тилкиндин эли баатырлары өлгөндөн кийин аларды издеп келип, өзүнүн төрт баатырын жерге көмбөй койсун? Бул жерде калпыстык да бар. Поэмадагы окуя өтө аз берилген да, автор өзүнүн оюн таңуулап, башка эле маанидеги сөздөрдү көбүрөөк келтирген. Кызык жери автор Жаңыл Мырза поэмасына “алач” деген сөздү да кошуп жиберген. “Эле го а дагы алач Жаңыл бейбак”, - дейт ал. Анткени Тыныстанов ошол кездеги казактардын “алаш ордо” кыймылына миче болуп тургандыгы ага дайыма таасир берип, чыгармаларына ушул сөздүн кошулуп тургандыгы да кийин анын жазасын колуна берген. К.Тыныстанов андан сырткары ушул поэмада “өткөн кін” деген сөздү өтө көп пайдаланып, учурдагы жана келечектеги жашоону даңазалоонун ордуна өткөн кінди эңсеп, ага зар болуп, ал замандын укмуштуудай бир керемет болгонун кайра-кайра кайталап турган. Бул боюнча өз оюн К.Артыкбаев мындайча айтат: “Кара кылды как жарган калыстык менен караганда поэмада баяндалган Жаңыл жашаган замандын жыргатар жакшы жагы жокко эсе сыяктуу. Биринчиден, эркектер аялдарды кор тутуп, теңсиздиктин өкүм сүргөндүгү ошол замандын идеалдуу жакшы доор экендигин эч айгинелей албайт. Андай болсо автор эмне үчүн, кайсы далилдерге таянуу менен:

Өткөн кін – сулуу сирет ойлогонго,  
Теңдикти, эркиндикти элестеткич.  
Эр бакты, эл бактыны келип кеткен,  
Өткөн кін – кін экен го акыл жеткис, –

С.Максутова. Касым Тыныстановдун “Жаңыл мырза” поэмасы.

деп суктанат да, анан кор кылып Жаңылды трагедиялуу өлімгө барууга мажбурлаган кем акыл заманды:

Ой чиркин...кін экенсиң өткөн заман,  
Тамшанткан, такылдаткан, таң калтырган.  
Кийиктей эркин өскөн элиң кандай,  
Кайгысыз, убайымсыз ыр ырдаган,  
Бактылуу бир кінсиң го тіштөгідөй,  
Жаңылдай ири жандуу кыз урунган,  
Ал өңдї жыргал кіндөр жылас болду,  
Кїңгїрөн долу комуз, муңкан, муңкан! –

деп, шилекейин чуурута мактоого алат? Жалпы адамзаттык прогрессивдї көз караштан алып караганда деле автордун жогорку позициясын эч убакта кубаттоого болбойт. Ошондуктан К.Тыныстановдун айрым чыгармаларында анын көз карашынын карама каршылыктуу экени байкалат деген пикирлерде чындыктын ілїшї бар. Бирок поэманын мазмунундагы карама-каршы ой жїгїртїїнїн бар экендиги чыгарманын жалпы эстетикалык салмагына доо кетире албайт. Поэма чыны менен жазма поэзиянын талабына жооп берерлик деңгээлде жазылган, сөздөр, саптар, строфалар өтө дыкаттык менен так, элестїї, көркөм иштелген” [4].

Мисал келтирилген жогорудагы ырдын “Жаңылдай ири жандуу кыз урунган” деген сабы да эмнегедир уйкаштыкты кууган сыяктуу, болбосо кызды кантип “урунат”? Анын “ири жандуу” деген салыштыруусу да орунсуз. Бирок бул поэманын эң эле оозго аларлык жери – махабатты алдыңкы орунга алып чыккандыгы. Анда Жаңыл Мырзанын сїйїсїнө өзгөчө басым жасалган.

Махабат – тозок оту балбылдаган,  
Ким кызып, илебине алдырбаган.  
Махабат – кырдан качкан кызыл тїлкї,  
Бїркїттї ташка согуп алдырбаган.  
Махабат – турагы жок соккон шамал,  
Мойнуна тїргөн чалма салдырбаган [3].

Кыргыз жазма адабияты жаңы тїптөлө баштаган ошол 20-жылдардын ичинде К.Тыныстановдун бул поэмасы өзїнїн жаңы көз караштагы поэтикалык ыргакта жазылгандыгы менен окурмандарга тез тарап, андагы махабатка арналган саптары көпчїлїк окурмандардын жаттап окуган ыр саптарына айланган. Ошол саптар бир топ жылдарга чейин элдин оозунан тїшпөй келгендигин адабият тарыхынан байкоого болот.

“Жаңыл Мырза” профессионалдык адабияттын классикалык ілгїсїндө жаралган. Акын айлана-чөйрөнїн сулуулугун, жаз айында

табияттын бирдөп, өсип-өніп чыгышын жана кизде сирі кетип соолуп калышын, мезгилдердин контрасттуулугун, жаратылыштын табышмактуу сырларынын адам баласынын өмір-өлімі менен тыгыз байланыштуулугун, ички дийнөсінин кизгисі экендигин философиялык ой-толгоолор аркылуу көрсөтөт. Жеңилбес, ата-салтты сактаган Жаңылдын махабатын жана трагедиясын биринчи планга алып чыгуусу – акындын өзгөчөлүгү” [5] - деген академик Абдылдажан Акматалиев да.

Поэмада айрым бир маанисине доо кетирген сөз же саптар кездешет. Мисалы, “кадимки мурункудай калпы-салты” деген саптагы “калп-салт” деген сөз эмнени тийиндирөт? Же бул каада-салт деген сөздүн техникалык катасыбы? Бул чыгармада “Билкилдөп соруп жатты жылуу канды” деген сап бар. Мындай маанидеги сөздөр поэманын эки-ич жеринде кездешет. Чыгарманын ичинде бирин-экин тийинкисіз сөздөр болгону менен жалпы жонунан поэма өзүнүн берейин деген оюн берип, маанисине жеткен. Ал жазма адабиятта алгачкы поэма болгондуктан ошол учурда да, азыр да өз окурмандарын таап, окулуп келаткандыгы менен баалуу.

“К.Тыныстановдун чакан поэтикалык мурастарына бир сыйра көз чаптырып, кыргыз элинин совет доорундагы жазма адабиятында биринчилерден болуп профессионалдуу поэма жанрын баштоого аракет кылгандыгын айрыкча баса белгилеп көрсөтүүгө болот. Албетте, эпикалык поэзия багытында ал бар болгону бир гана чыгарманы – “Жаңыл Мырза” поэмасын жазган экен. Эскерте кетсек – бул поэмада жаңы заманга, совет бийлигине кайчы келе турган бир дагы зыяндуу идея жок. Бар болгону, жогоруда эскертилгендей, колониялык доорго чейинки көчмөн турмушту, өзгөчө Жаңыл баатырдын турмушундагы героикалык турмуштук салтты көтөрө чалып: “Ал өңдүү жыргал киндер жылас болду”, - деп муңканган тыянак чыгарылган экен. Эгерде бул тыянак поэманын жалпы мазмунуна шайкеш келип турса, анда да кеп башкача болмок эле. Тилекке каршы, дал ошол өзі идеал туткан өткөн турмуш Жаңылдай өз эркиндиги, теңдиги ичин крөшкөн кыздын өмірінин трагедиялуу аякталышына башкы себеп болуптур. Муну биз поэманын мазмунунан ачык туюнабыз”, - дейт К.Артыкбаев [4].

“...Касым Тыныстанов да негизги маселени, адабияттын адабияттык, поэзиянын поэзиялык табият-талабын сөзгө абай айланып өтөт экен. Шек жок, 20-жылдарда гана эмес, бийин да кадимки көркөм чыгарма катары окула турган “Жаңыл Мырза” поэмасы менен профессионал адабиятта жаралчу ырларды жаратып, казак, татар жана орус адабиятынан жакшы эле сабак алып калган акын-илимпоз башка авторлорго салыштырганда алда канча сабаттуураак, көркөм сөз наркын аңдап-билүүгө алда канча жакыныраак, жаш талапкерлер ичин да, окурмандар ичин да, бери эле дегенде практикалык жагынан пайдалуураак кылып жазып беришке жарамак” – дейт Кадыркул Даутов Аалы Токомбаевдин “Ленин тууралуу” ыр китебине сын-пикирлерди айткан Калим Рахматулин жана Дөгдир уулуна Касым Тыныстановдун

берген жоопторун, алардын сын айткандарын бири-бирине салыштырып жатып. К.Даутов 1920-жылдан 1930-жылга чейинки жазылган кыргыз жазма адабиятындагы алгачкы чыгармаларды, аны сындаган жазмакерлердин ой-пикирлерин, бири-бирине кантип жооп бергендерин, кандай деңгээлде туруп сын айткандарын жиликтеп, башын баш, көзүн көз кылып аныктап чыкканга аракет кылган, өзүнүн “Адабий сын кантип жаралган?” [6] окуу куралында.

Анын аракети текке кеткен эмес, автордун бул эмгегинен алгачкы жазма адабиятыбыздагы акын-жазуучулардын кандай аракеттенгендерин, кандай деңгээлде туруп жазгандарын аныктап билебиз. Ошондо биздин алгачкы жазма адабиятына чыйыр салгандар бири-бирине жок жалааны жаап, чыгарманын негизги маанисин тийиң-тийиңбөсө да каяша айтып, эрегишип, өч алуунун, гезитти бири-бирин согуп калуунун куралына айлантканын көрөбүз. Аларда бар сөздү жок кылган, жок жерден сөздү кошуп кетип кинөө жапкан учурлар да көп болуптур. Ушунун баарын терип-тепчип, майдалап, мисалы алгач чыккан К.Тыныстановдун “Касым ырлары” жыйнагына жана А.Токомбаевдин “Ленин тууралуу” ыр жыйнагына кимдер кандай сын-пикир айтканын, ага башкалар тараптан кандай жооптор болгонун иликтеп-багат. Андан улам кимисинин канчалык деңгээлде адам боло алганын, кимиси ыпластыкка тийип, курулай, ал тургай адамкерчиликке сыйбас жорук-жосундарын калеми аркылуу көрсөтүп кеткенин ачыктайт. Ошол изилдөөсүн жүргүзүп келатып ал адамдагы наадандыктын кантип жаралышы жөнүндө оюн мындайча билдирет: “ак менен каранын, арамдык менен адалдыктын, бийиктик менен пастыктын ортосунда болгон чек ара көрүнбөгөн кылдай эле назик келет. Анын кічі ыйыктыгынын сакталып турушунда. Аны бир жолу аттап алгандан кийин эч кандай ыйыктыгы да, сирі да, ишеничи да калбай калат. Адамга адамдык сапат берип, адамды адам катарына кошуп жүргөн ошол ыйык тосмону бир жолу бузуп өткөн да, он жолу тебелеп кеткен да бир, ыйбаа кылдырчу жоопкерчилик жоголот. Акыйкат алдында коркуу сезими өлүп, башканы да, өзүн да аябай, утурумдук меркентал кызыкчылык ічін ар кандай ыплас иштерге деле бети чымырабай бара берет, баары көнүмүш адатка айланат да калат деген ошол”, - дейт Кадыркул Даутов [6]. Калетсиз айтылган сөз. Бул саптар мындан 100 жыл мурда да актуалдуу болчу, азыр да баалуу, эртең да маанисин жоготпойт.

#### АДАБИЯТЛАР

1. Асаналиев К. “К.Тыныстанов: “Өткөн күн” мотиви”. К.Тыныстанов, Е.Поливанов. Б., 2003.
2. Эл адабияты. Жаңыл Мырза. 1991.
3. Тыныстанов К. Адабий чыгармалар. Б., 1991.
4. Артыкбаев К. XX кылымдагы кыргыз адабиятынын тарыхы. Б., 2004.
5. Акматалиев А. К.Тыныстановдун поэтикалык мурасы. “К.Тыныстанов, Е.Поливанов”. Б., 2003.
6. Даутов К. Адабий сын кантип жаралган? Бишкек, 2002.

REZUME

S.MAKSUTOVA (Bishkek)  
THE POEM 'ZHANYL MYRZA' BY KASIM TYNYSTANOV

In his poem "Zhanyl Myrza" by Kasim Tynystanov brought to the fore the heroism inherent to the ancestors with courage, wisdom, haughtiness, love and tragedy Zhanel. "Zhanyl Myrza" is and will remain a unique and valuable product in epic poetry. In this article, "Zhanyl Myrza" Kasim Tynystanov studied in comparison with similar poems by other authors.

Ж. ТАНАУОВА

САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ ӘДІС – ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МҰРАЛАРДЫҢ  
ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІН АНЫҚТАУҒА  
ҚАЖЕТ ТӘСІЛІ

*Сравнительное исследование ведущее в разных целях и видах используется в разных теориях, взглядах, выводах и заключениях, в таких явлениях как особенности времени и места. В статье рассматриваются стороны, связанные с юмористическими рассказами.*

*Bu makalede, farklı amaç ve formlarda yapılan karşılaştırmalı araştırmaların çeşitli teorilere, fikirlere, görüşlere, hatta aynı cins terimler başta olmak üzere zaman ve yer bakımından farklılık arz eden terimlere yönelik olarak yapılabiliğinden bahsedilmektedir.*

Фольклортану ғылымының дамуында салыстырмалы-тарихи зерттеу қапанда ерекше рөл ойнайтыны белгілі жәйт. Типология – ғылымның салыстыра зерттейтін тәсілі, яғни әрбір затты және табиғат пен қоғамдық құбылыстарды ғылымның әр жүйесінде бір-бірімен салыстыра, теңестіре отырып, олардың қалай пайда болғанын, даму жолдарын, өзара ұқсастықтарын, ерекшеліктерін анықтайтын сала. Типологиялық зерттеу тек қана ұқсас құбылыстар мен олардың өзара байланыстарын және қайталанушылық қасиетін анықтап қана қоймайды, ол белгілі бір әдеби-эстетикалық тұтастық туралы айтуға мүмкіндік тудыратын принциптер мен бастамаларды ашу, сондай-ақ бұл құбылыстың белгілі бір типке, текке қатысын көрсету [1, 12].

Қазақ фольклорының түрлі жанрларын өзара да, өзге халықтардың ауыз әдебиетімен де салыстыру, сөйтiп ұқсас құбылыстарға баға беру өткен ғасырдан бастап қолға алына бастағаны мәлім, яғни ұлттық фольклортануымызда қазақ фольклорын типологиялық тұрғыдан зерттеу ісі біршама жолға қойылған. Салыстыра зерттеу түрлі сипатта, әр түрлі мақсатта жүргізіледі. Ол әдіс сан алуан теорияларға, көзқарастарға, ой-тұжырымдарға, бір тектес ұғымдардан бастап, арасында мезгілдік, мекендік айырмашылықтары бар құбылыстарға дейін қолданылады.

Фольклорлық мұралардың өзіндік өзгешелігін анықтауға аса қажет тәсілдің бірі – осы салыстырмалы-тарихи әдіс болып саналады. Орыс фольклортану ғылымы ауыз әдебиеті шығармаларын осы тәсіл негізінде тексеріп, талдап, күрделі нәтижелерге қол жеткізіп жүргені мәлім: «Существенное место при изучении фольклора должно уделяться сравнительно-историческому исследованию...»

Ведущая роль в сравнительно-историческом изучении фольклорных произведений должна принадлежать сравнению историко-типологическому. Его предпосылкой являются единство и закономерность процесса социально-исторического развития, которым обусловлено развитие искусства, и в частности литературы как одной из идеологических надстроек, обнаруживающих значительные аналогии (при соответствующих исторически обусловленных различиях) на одинаковых ступенях общественного развития» [2, 185–187]. Шыңдығында да фольклор

материалына кең де жүйелі салыстырулар жасамай, ондағы үндес, қайталама фактілерді тексермей, олардың заңдылықтары мен ерекшеліктерін есепке алмай, ауыз әдебиетінің табиғатын түсіну мүмкіндігінен алшақтаймыз.

«Типология как определенная закономерность, можно сказать, буквально пронизывает фольклор на всех его уровнях; система закономерных возникающих и внутренне обусловленных историко-типологических отношений характеризует фольклор в целом (как специфический тип творчества и как совокупность реальных результатов этого творчества) и в его отдельных элементах. Мы вправе говорить, например, о типологии образов, мотивов, сюжетов, художественных средств, о типологии жанров и жанровых разновидностей, о типологии фольклорных процессов и типологии принципов отношения фольклора к действительности (например, о типологии фольклорного историзма), шире – о типологии фольклорного сознания» [3, 9].

Типологиялық жағынан қарастырғанда қазақ фольклорындағы жанрлардың Орта Азия халықтары фольклорында кездесетін жанр түрлерімен өзара ұқсастығы, үндестігі және кейбір өзіндік ерекшеліктері байқалып тұрады. Фольклорлық жанрлардың бір түрі қазақ халқы арасында жиірек айтылса, енді бір түрлері өзбек, тәжік, түркімендерде, тағы бір үлгілері қырғыз, қарақалшақ елдерінде көбірек кездеседі.

Ғалым Р.Бердібай «Салыстырмалы-тарихи әдістің мақсаты жеке фактілердің ұқсастығын немесе сәйкестігін анықтау ғана емес, ортақ заңдылықтар мен процестерді табу болмақ» [4, 3], – деуі жоғарыдағы пікірімізді одан ары тиянақтайды. Одан әрі ғалым фольклордағы ұқсастық пен сәйкестіктің типологиялық, генетикалық және тарихи-мәдени байланыстылық болып үш жүйеге бөлінетінін, мұның алғашқысы неғұрлым кең тараған тұрақты фактор болып есептелетінін айтады. Сонымен қатар туысқан халықтардың, дамуы жағынан түрлі сатыдағы (стадиядағы) жұрттардың, ұзақ уақыт бір-бірімен мәдени қарым-қатынаста болып келген көршілердің фольклорын салыстырып зерттеу де пайдалы жақтарын атап көрсетеді.

Фольклорлық сана уақыт пен кеңістікті, адамдар арасындағы қарым-қатынастар жүйесін, өмір мен өлімді, жақсылық пен жамандықты, қымбат пен арзанды өзінше бағалайды; өзіндік эстетикасы бойынша өмір материалын жинақтайды. Мұнда айтушының, жыршының ырқына бағынбайтын, объективті түрде тәуелсіз тұратын заңдылықтардың мәні күшті болады. Ауыз әдебиеті шығармасы халықтың ұғым-түсінігін тікелей көшірмей, оларды өзінше қалып-модельге түсіреді. Фольклор қаһармандарының іс-әрекеті әдетте ешбір нақтылы тарихи шындықпен дәлме-дәл келе бермейтіні осыдан. Фольклорлық санада көне түсініктер элементі ұзақ сақталады, оның көркемдік жүйесінде дәстүрлік сарыны басым жатады. Болмыс шындығынан гөрі қиялды, нақтылықтан гөрі әсірелеудің, анықтықтан гөрі шарттылықтың дендеп кететіні жалпы фольклорлық сананың дүниені реалистік



көркемдікпен танудан бұрын пайда болған құбылыс екенін сипаттайды. Ауыз әдебиеті шығармасы қалыптасқан дәстүр шеңберінде ғана жасалып, өмір кешеді, сақталады, дамиды, өзінің дүниетанымдық және эстетикалық негізі болып табылатын сол дәстүр шартына орай тиісті өзгеріске түсіп отырады. Көркемдік жүйесі мен элементтері қайталауларға, формулалыққа, тұрақтылыққа негізделетін фольклордың өз ішіндегі заңдылықтарды ескермей, оның ерекшеліктерін танып білу мүмкін емес.

Орыс фольклоршыларының еңбектерінде шешімін тапқан осы және басқа көптеген теориялық мәселелерді, методологиялық межелерді, биік талдау деңгейлерін меңгеру, солардың зерттеулерінде қалыптасқан қағидаларды ұлттық ауыз әдебиеті ескерткіштерін тереңірек тексеруге ұтымды пайдалану ғалымдарымыздың алдында тұрған уәзіпа [4, 4], - деп атап көрсетеді.

Күлдіргі әңгімелерді тарихи-типологиялық тәсілмен зерттеу керек екендігі барған сайын айқындалып келеді. Мәселен, түркі тілдес халықтардың біразында түрлі жанрда таралған күлдіргі әңгімелердің түбірін, даму жолдарын, эволюциясын, көркемдік сипатын – барлық қасиетін тану үшін кең салыстыруларға бармай болмайды. Әрине, олардың барлық тілдегі түрлерін түпнұсқадан оқып түсіну, ұқсастығы мен айырмасын егжей-тегжейлі тексеру жеңіл болмас. Бірақ қалай болғанда да, ауыз әдебиеті туындыларын жан-жақты зерттеу міндеті осыны талап етеді. Осыны ескере келіп ең жақын жатқан екі немесе үш халықтағы нұсқасын талдап көрсек, зерттеу жұмысының тынысы кеңейіп, адымы ұлғаятыны өзінен-өзі түсінікті.

Қазаққа Алдаркөсе, Қожанасыр, Жиренше шешен, Тазпа бала, Қылкеңірдек, Шибұт, Жарғақбас және Өзбекстан жеріндегі қазақтар арасында Көшірмеші, Лепірмеші, Өмірбек лаққа, Назар пұшық айтышты деген ел аузында айтылып жүрген әңгімелер өте көп. Олардың әлі жиналғаннан жиналмағаны, зерттелгенінен зерттелмегені көп.

Кейбір зерттеуші-ғалымдар Алдаркөсеге байланысты аңыз-әңгімелердің тек қазаққа ғана емес, ағайынды қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түркімен халықтарында да кездесетінін айтып: “Осы елдердің айтылатын аңыздарының бәрінде де Алдаркөсе халық ұлы, көпшілік атымен күреске шыққан, қанаушы тап өкілдерімен алысып өткен азамат бейнесінде жағымды образы жасалады” [5, 142–145], – деген ой-шікірін білдіреді. Ал көрші өзбек ауыз әдебиетіндегі сатиралық ертекерді зерттеген ғалым Комил Имомов: “...хатто шундой эргаклар борки, улара Куса фақат салбий қахромон сифатида акс эттирилади” [6, 81] – дейді де, Алдаркөсе жайындағы айтылған әңгімеде оның еңбекші халық өкілі екендігін айтады. Мысалы: “Эргак вариантида у оддий камбағал кишлоқ халқ вакили сифатида талқин этилса, достонларда сарой амолдорлари Даллининг бақовул бописи” [6, 81], – дейді.

Өзбек ауыз әдебиетіндегі сатира және юмор жанрын зерттеген ғалым Хошимжон Раззоқов: “Босилиб чиққан китобларда Алдаркуса образини камситиш, халқчил томонларини паслатиб, алдамчи, фирибгар сифатида

курсатишга уринилишига қарамай, барибир бу образ эксплуататорда уч олуачи меҳнатгач омма вакили сифатида яққол кузга топланади [7] – деп, Алдар көсе бейнесіне толық мағынада дұрыс қорытынды жасайды.

“Узбек халқ эртақлари” атты жинақта “Қириқ елғон”, “Алдаркусанинг уйланиши”, “Алдаркуса билан савдогар”, “Йуқолган дуниелар орасида”, “Алдаркуса билан имом”, “Халол молим” [8] т.б. күлдіргі әңгімелерде Алдар көсе образы әділетсіз хан, би, болыс, саудагер, имам сияқтыларды әзіл-оспаққа айналдырып, әжуа-сықақ етеді. Алдаркөсе оқыған, білімді, көп білетін дарын иесі болып суреттеледі.

Өзбек ауыз әдебиетінің көне жанрлары дастан, қиссаларда да Алдаркөсе образы жағымсыз кейіпкер бейнесінде суреттеледі. Тіпті Алдаркөсе атымен ғана емес, “алдар”, “аер”, “куса”, “елғончи” эл оғзига тушпан исенкор, хушчақчақ [6, 8] сатиралық кейіпкер түрінде бейнеленеді.

Өзбек фольклортану ғылымының негізін салған фольклоршы Ергеш Жуманбулбулулының орындауы бойынша жазып алған “Ойсулув” [9] дастаны прозамен баяндалған. “Ойсулув” дастанында Алдаркөсе “аер”, “елғончи” бейнесінде берілген.

“...аер Куса қирқ айери билан пешвоз чиқиб, Пахлавон Қайсарга айтди. Кунботирнинг ев-яроғини, тулшар отини, қириқ йигитининг хам ев-яроғини билан минадиган отини улжа олдим, узини банди қилдим. бари Аскартоғнинг ғорида маст булиб етибди. Лашкари тоғнинг нариги ошувида қуниб етган эмиш. Хайдаб борсангиз, оқшом етасиз, Кунботирни банди қилиб боғлаб оласиз, ундан кейин муродингизга етасиз. Бизнинг хизматимиз шу булди” – деди [9, 12]. Осы сюжетте Алдар көсенің бейнесі жан-жақты суреттеледі. Өзбек әдебиетіндегі ертегілерде Алдар көсе, көбінесе, жеңіске жетіп, үстем болып көрінсе, ал көлемді эпикалық дастандарда уақытша ғана алдаумен жеңіске жетеді, соңында оның сыры ашылып, жеңіледі, қолға түседі.

Алдаркөсенің бейнесі қазақ, қырғыз, түркімен халықтарының ауыз әдебиетінде негізінен жағымды кейіпкер, ұнамды образ түрінде суреттеледі. Қазақ-қырғыз әдебиетінің байланысын зерттеген ғалым А.Мусиновтың пікіріне қарағанда да қазақ пен қырғыз халықтарының әдет-ғұрпы, салт-санасы, ұлттық ерекшелігі жағынан да бір-біріне өте жақын, туыс боп араласып кеткендігін тарихи да әдеби байланысын ғылыми негізде дәлелдейді: “Казахи и киргизы - народы у которых необыкновенно развитого искусства словесного творчество. Или созданы удивительное по глубине своего содержания, идейный направленности, художественному произведения больших и малых жанров фольклора. Общность в фольклоре, а точное, в эпосе в бытовом фольклоре (обрядовые песни, айтысы и т.д.) пословица говорит об исторических корнях братства этих народов” [10, 50–51].

Қорыта айтқанда, қазақ фольклортану ғылымы мен әдебиет тарихы саласында күлдіргі әңгімелер және олардың кейіпкерлері туралы зерттеулер

жазылғанымен, оның толықтай игерілмегендігі белгілі. Шебер айтылған күлдіргі әңгімелер – қоғам өмірінде болған өзгеріс, құбылыстарды жіті көзбен байқап, бақылап айтылған халық ойының жемісі, қорытындысы. Негізінен ауызша сақталған күлдіргі әңгімелер жаңа дәуірге сай, жаңа мазмұн, түр тауып жаңарып, жаңғырып отырады. Қазақ күлдіргі әңгімелерінің бүкіл түрік халықтарының күлдіргі әңгімелерімен тікелей байланысып, дамып келе жатқандығы типологиялық негізде салыстыра зерттегенде анықтала түсетіндігін байқаймыз.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Храпченко М.Б. Типологическое изучение литературы и его принципы. –В кн.: Проблемы типологии русского реализма. – М., 1969. с. 12.
2. Жирмунский В.М. Сравнительное литературоведение, – Ленинград, 1979, – 495 с.
3. Путилов Б.Н. Методология сравнительно-исторического изучения фольклора. – Ленинград, 1976, – 243 б.
4. Қазақ фольклорының типологиясы. Сөз басы. Р.Бердібаев. – Алматы, Ғылым, 1981. 374 б.
5. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Жоғарғы оқу орнының студенттеріне арналған оқулық, өңделіп, толықтырылып, үшінші басылуы. – Алматы, Мектеп, 1974.
6. Имомов К. Ўзбек сатирик эртаклари. – Тошкент: Фан, 1974.
7. Раззоқов Хошимжон. Ўзбек халқ оғзаки ижодида сатира ва юмор. – Тошкент: Фан нашриети, 1965.
8. Ўзбек халқ эртаклари. – Тошкент. 1965.
9. "Ойсулуд" дастонлар. Қуп тумлик. Тошкент. Ғ.Ғулам номидаги адабиет ва саноат нашриети. – Тошкент, 1984.
10. Мусинов А. Казахско-киргизские литературные связи. – Алматы: Ғылым, 1974.
11. Күлдіргі әңгімелердің түркі халықтары фольклорында зерттелуі туралы // Түркология журналы, №3-4, 2009. 65-72-66.

### **REZUME**

#### **ZH.TANAUOVA (Turkistan) THE COMPARATIVE-HISTORICAL METHOD - A NECESSARY WAY TO DETERMINE THE PROPERTIES OF THE FOLK HERITAGE**

A comparative study carried out in different forms and for different purposes is used in a variety of theories, opinions, conclusions from the homogeneous to the concepts of the phenomena of temporal and spatial differences. The article deals with this method relative to the ridiculous stories.

Х.М.ТҮРСҮН  
Қ.БАЗАРБАЕВ

СЕРАЛЫ ЛАПИННИҢ КӨЗҚАРАСТАРЫНДАҒЫ «ИСЛАМДЫҚ  
СОЦИАЛИЗМ» МОДУЛІ

*В данной статье рассматриваются политические взгляды видного представителя национальной элиты Туркестанского края в начале XX века в борьбе против колонизации. Раскрываются причины альтернативного предложения его концепции «Исламский социализм» при модернизации туркестанского общества большевистской властью.*

*Bu makalede, XX.yüzyıl başlarında Türkistan Bölgesi'nde sömürgecilğe karşı mücadele eden tanınmış milliyetçilerin biri olan Seralı LAPİN'in siyasî görüşlerine yer verilmekte ve onun bolşevist iküdanni yardımıyla Türkistan toplumunun modernize edilmesinde İslam Sosyalizmi fikrinin uygulanış nedenleri ele alınmaktadır.*

Түркістан ұлттық элитасының көрнекті өкілі Сералы Лапин (1868 – 1919) ұлт-азаттық қозғалыста саяси күрескерлігімен танылған тұлға ғана емес, ол осы саяси күрестің идеялық бағыт-бағдарын айқындауға үлес қосқан ойшыл болғандығы назардан тыс қалып келеді. Оның үстіне, соңғы жылдары қалыптасқан ғылыми тұжырымдар кеңестік тарихнаманың «Шуро-и-ислам», «Шуро-и Уламо» ұйымдарының әлеуметтік негізі үстем тап өкілдері мен дінбасылардан құралған, «панисламизм» идеясын көтерген ұйымдар деген бағасының мүлде теріс екендігіне көз жеткізуде [1, 47].

1917ж. Ташкентте 16-21 сәуір аралығында «Шуро-и-ислам» ұйымының ұйымдастыруымен өткен Бүкілтүркістан мұсылмандарының бірінші съезінің күн тәртібіне Уақытша үкіметке қатынас, Ресейдің болашақ мемлекеттік құрылысы, Құрылтай жиналысына сайлауға әзірлік сияқты зәру мәселелермен бірге жергілікті діни мекемелердің қызметі, медреселер мен вакуфтардың жайы сияқты діни мазмұндағы мәселелер де қойылды. Осы съезде Уақытша үкіметке қатынас мәселесі талқыланғанда С.Лапин «оған мұсылмандардың өзін-өзі билеу құқығын қамтамасыз ету тілегін теріске шығармайтын болса ғана қолдау көрсету керек» деген ұсыныс білдіреді. Бұл мәселенің Құрылтай жиналысында түпкілікті шешімін табатынын ескерген делегаттар Уақытша үкіметке қолдау көрсететті [2].

Патша өкіметінің дін істерін жергілікті әкімшіліктің билігіне беріп қоюын әділетсіздік деп бағалаған С.Лапиннің ұсынысымен Түркістанда дербес діни басқарма құрылсын деген шешім қабылданды. Бұл шешім Түркістанда мұсылмандық діни басқарма - мүфтиліктің құрылуы жөнінде 1914 ж. Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясының ұйымдастыруымен өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезінің шешімі аяқсыз қалмай, жүзеге асуы тиістігіне негізделді [3].

С.Лапиннің көзқарастарындағы бұндай діни бағдар оның саяси ұйым құруға қатысты әрекеттерінде нақты көрініс тапты. 1917 ж. 10 шілде күні Ташкент қаласындағы Беклер-Бегі мепітінде 25 мыңға жуық адамның қатысуымен өткен митингі кезінде С.Лапин өзінің «әрқашанда таза мұсылмандықты, шариғат қағидаларын жоғары тұтатындығын алға тартып,

мұсылмандардың өзін-өзі билудегі заңды құқығын қамтамасыз етуде бар күш-жігерін аямайтындығын мәлімдеп», халықты да осы бағытта болып, бір ұйымға бірігуге шақырды. Митингіге қатысушылар бұл ұсынысты бірауыздан қолдап, жаңадан құрылған ұйымды «Шуро-и-уламо» («Дін иелері кеңесі», «Ғұламалар қоғамы») деп атауды ұйғарды [4].

С.Лапин жетекшілік еткен «Шуро-и-уламо» ұйымының әлжуметтік өзегін дінбасылар – молдалар, ишандар мен медреселердің ұстаздарының құрауы мүшелерінің басым бөлігі демократиялық ағымдағы зиялылардан тұрған «Шуро-и-ислам» ұйымына қарағанда оған біршама діни сипат берді. Әрине, бұл фактор ұйым қызметінің мазмұнынан да көрініс тапты. Осындай себептермен де «Шуро-и-уламо» ұйымы сол кездегі саяси лексикада қадимшылар (ескішілдер), ал «Шуро-и-ислам» ұйымы жәдидшілер (жаңашылдар) ұйымы деп атала бастады.

«Шуро-и-уламо» ұйымының жергілікті бөлімшелерін ашуда діндарлар белсенділік танытты. Айталық, осы жылдың пілдесінде Қоқан қаласында ұйымның бөлімшесі ашылды [5, л19]. Ал Самарқанда ұйымның бөлімшесі ашылмағанымен жергілікті «Иттифақ» («Одақ») ұйымы «Шуро-и-уламоға» ізгі ниетте болды [6, л2.]. Сырдария облысында ұйымның бөлімшесі құрылмаса да облыста С.Лапиннің ұстанған бағытын қолдаушылар көп болды [7].

Шілде айының соңында өткен Ташкент қалалық думасы сайлауына түрлі партиялар мен қоғамдық ұйымдар атынан 16 тізім ұсынылса, солардың арасында «Шуро-и уламо» жеңіске жетіп, думадағы 102 орыннан 62, социал-демократтар 5, эсерлер 24, «Шуро-и-ислам» 11 орын иеленді [8].

Бұл деректер «Шуро-и улеманың» қалалық думадағы орынның тең жарымынан астамын иеленуінің сыры неде? - деген заңды сұрақ туғызады. Оның сыры біздің пікіріміз бойынша, «Шуро-и Улема» атынан өлкедегі отарлық билік өкілдерінің де көптеп ұсынылуы болды. Жергілікті пенуіктердің тізімге көптеп енгізілуі сайлау барысында әкімшілік ресурстар арқылы ықпал жасау орын алды деген қорытынды жасауға негіз болады.

«Шуро-и-Улема» саяси ұйым ретінде Ташкент қаласында өз қызметін кең өрістетті. Ұйым өлкенің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласа бастады. Осы жерде ұйымның сипатына қатысты атап өтерлік бір жайт, «Шуро-и-Улема» европалық үлгідегі саяси партия болмаса да саяси партияға тән ұйымдық, құрылымдық белгілері болды. Олай дейтініміз, С.Лапин жетекшілік еткен «Шуро-и-уламо» ұйымы саяси шешімдерге бастамашыл болып, өлкеде жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің бар билікті қолына алу үшін революциялық комитет құруына батыл қарсылық танытты. Сол үшін де Түркістан өлкесі мұсылмандарының съезін шақырды. 17-20 қыркүйекте Ташкентте өткен съезге 500 ден астам өкіл қатысып, өлкедегі саяси ахуал, Түркістанның болашақ саяси құрылысы, жер мен суды пайдалану жайы, азық-түлік, сот, оқу-ағарту ісі, мешіттерді басқару, вакуф, земство, мұсылмандық саяси партия құру, Құрылтай жиналысына сайлау мәселелерін қойды.

Съезде Түркістан федеративті республикасының саяси құрылымы мәселесінде С.Лашиннің ұсынысы бойынша қабылданған қаулыда «Түркістан федерациясындағы заң шығару билігі жалшыға бірдей, құпия дауыс беру арқылы 5 жылға сайланған түркістандық парламенттің қолында болады. Оған Түркістан өлкесінде тұратын барлық халықтардан теңдей өкілдер сайланады. Түркістан парламентінің заң шығару функциясы Ресей республикасының негізгі заңдарымен және шариғат талаптарына сай үйлестірілуі тиіс... Тапкент қаласында Түркістан Федерациясының «Маһками шариғат» деп аталатын сенаты болады. «Маһками шариғат» Түркістан Федерациясының жоғарғы сот мекемесі қызметін атқарумен қатар, заңдарды жариялау мен түсіндіру құқығына иелініп, олардың шариғат талаптарына қайшы келмеуін қадағалайды, сондай-ақ барлық мемлекеттік мекемелер мен оның лауазым иелерінің және сот мекемелері мен оның қызметкерлерінің дұрыс қызмет етуін бақылайды. Сенат («Маһками шариғат») төрағасы «шейх-ул-ислам» (бас прокурор) деп аталып, Түркістан федерациясында заңдардың орындалуына жауап береді» [9].

«Шуро-и-уламо» ұйымы ұстанған Түркістан өлкесінің болашақ мемлекеттік құрылымының осы модулі жөнінде М.Шоқай «Ғұлама қоғамы» («Шуро-и-уламо») мәселеге басқашалау тұрғыдан келді. Революцияны, яғни Ресейдегі мемлекеттік тәртіптің өзгеруін «Ғұлама қоғамы» сонау Әзіреті Осман заманынан бері мұсылман халықтарының тарихында болып көрмеген әл-хулафа әр-рашидун мемлекеттік құрылысын қайталау кезеңі демекші болды. ... Сералы Лашин өз қоғамы атынан Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті жанынан Түркістанда «Маһками шариғат» («Шариғат соты») деген атпен депутаттар мәжілісін (сенат) құрып, Бүкілресей құрылтай жиналысы мен Бүкілресей парламенті тарапынан Түркістанға байланысты шығарылып жатқан заңдардың осы шариғат мекемесіне бағынуын талап етті. Бұл мұсылмандық көзқарас тұрғысынан алғанда өте жақсы ұсыныс еді. Бірақ ол жас баланың «аспандағы айды алып бер» деген далбасасына ұқсайтын. Мұндай мықты мұсылмандық идеяны жүзеге асыру үшін Түркістан ең алдымен Ресейге бағыныштылықтан біржола құтылуы керек еді. Алайда «Ғұлама қоғамы» ежелден ұлттық ұйымдарымыз армандап келген Ресей Федерациясы ішінде автономия беруді ғана талап етті» [10, 273] деп бағалады.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысында осы екі ұйым түрінде пайда болған саяси жолайрыққа С.Лашиннің өлке мұсылмандарының мүддесін қорғауда шариғат қағидаларын басшылыққа алу талабы негіз болды. Әрине, белгілі бір саяси күштердің ортақ көзқарасын білдірген С.Лашиннің бұл талабын оның жеке басының мүддесі болса оның соңынан ешкім ермеген болар еді. Осы екі саяси ағымның теке-тіресі 1917 жылдың қарашасында Түркістан мұхтариятын жариялар кезде де анық байқалды. С.Лашин бастаған «Шуро-и-уламо» ұйымы мүшелері Түркістан автономиясын жариялауға ерте, оны орыс революциялық демократиясы өкілдерімен келісе отырып жариялау

керек деген пікір білдірді [11, 3-п.]. С.Лапин мұсылмандар съезіне мынандай шарттар қойды: «1. Өлкедегі билікті іс жүзінде қолына алған орыс демократиясының өкілдеріне қарсы дұшпандық іс-қимылдар жасалмасын.

2. Түркістан автономиялы республикасының Уақытша үкіметі өз қызметін барлық жағынан шариғат қағидаларына үйлестіріп жүргізісін.

3. Автономияны жүзеге асыру бейбіт түрде жүрсін, қантөгіске жол берілмесін» [11, 4-п.].

Съезде С.Лапин Түркістан автономиясының жариялануын ертерек деп санағанымен оған қарсы емес екендігің, өз ұсыныстары қолдау тапса Түркістан автономиясы нағыз әділетті мұсылмандық мемлекеттік құрылым болып, халық сеніміне ие болады деп мәлімдеді. Бұл ұсыныстарға делегаттардың бір бөлігі қолдау танытып, Түркістан мұхтарияты халқының 98 пайызы мұсылмандар болатын аймақта жарияланып отырғандықтан автономия ислам дінінің қорғаушысы болуы керектігін алға тартты. Сонымен қатар Түркістан автономиясының аяғынан тік тұруы С.Лапин ұсынғандай бейбіт өмір жағдайында ғана нәтижелі болатындығын, сондықтан кеңестермен келіссөздер жүргізу арқылы Түркістан автономиясын қантөгіссіз құру керектігін делегаттар қолдады [11, 5-п.].

Осы жерде айта кетерлік бір жағай, өлкеде билікке қол жеткізген Түркістан мұхтариятына қатысты «Шуро-и-уламо» ұйымы мүшелері қатысқан Ташкент қалалық думасының мәжілісінде социал-революционерлер (эсерлер) мен социал-демократтар (большевиктер) арасында қызу пікірталас жүрді. Эсерлер Түркістан мұхтариятына ізгі ниетте екендіктерін, егер оған көмек керек болса қол ұштарын созуға әзір екендіктерін танытты. Ал большевиктер болса, Түркістан мұхтариятын мойындамайтындығын білдіреді [12].

Ал С.Лапин Өлкеде қалыптасқан қосөкіметтік жағдайдың қантөгісті қақтығысқа ұласып кетпеуіне қатты алаңдаушылық танытып, Түркістан мұхтариятының Уақытша үкіметінен қарқынды, нәтижелі жұмыс талап етті. Азық-түлікпен қамтамасыз етуді жолға қойып, тұрғындарды төніп келе жатқан ашаршылық апатынан құтқару жолында шұғыл іс-шараларды ұйымдастыру қажеттігін ұсынды. Тез арада Түркістан Құрылтай жиналысын шақырып, онда Түркістандағы қосөкіметтілікті, екі өкімет арасындағы текетіресті доғарып, бейбіт өмірге бастайтын билік органын құру жөнінде дабыл қаға бастады. Сонымен қатар ол Түркістан мұхтариятының үкіметіне билікті атқаруда шариғат негіздерін басшылыққа алу керектігі жайында, сонда ғана Уақытша өкімет өзінің мұсылмандар мүддесін қорғайтындығын көрсетеді деген мәлімдеме де жолдады [13 л.78].

Түркістан мұхтариятының Уақытша үкіметі 1918 жылдың қаңтарында Ташкенттегі кеңестер билігімен байланыс орнатуға талшынып, оған бірлескен съезд өткізу жөнінде ұсыныс та түсірді. Бірақ мұндай ұсынысты кеңестік билік ескерусіз қалдырды. Себебі, Ташкентте бұл кезде Қоқанда жүріп жатқан этносаياسي процестерді дұшпандық әрекеттердің көрінісі деп бағалаған пікір

қалыптасқан еді. 1917 ж. желтоқсанның бас кезінде Ташкенттегі кеңес өкіметіне Түркістандағы жағдай жайында Москва әскери округынан «Контрреволюциялық элементтер мұсылман буржуазиясы мен қараңғы түңектегі мұсылман бұқарасына арқа сүйеге талшынуда. Буржуазиялық-чиновниктік элементтер мұсылман ұлтшылдарымен бірге өткізген Қоқандағы съезінде Түркістан автономиясын жариялап, казактардың «Оңтүстік-шығыс одағына» кіру жөнінде қаулы қабылдады. Ресейдің еуропалық бөлігіндегі жағдайға байланысты олардың ұлттық негіздегі басқа да ұйымдарға кіруі ықтимал» [14, 42.] деген мәлімдеме түскен еді.

Түркістан мұхтарияты Уақытша үкіметінің жергілікті халық мүддесін қорғаудағы әрекетіне қарамастан С.Лашин оны әрекетсіздігі үшін сынап, 1918 ж. қаңтарынан бастап «Шуро-и-уламо» Түркістан мұхтариятын қолдаудан бас тартады деген мәлімдеме таратты. Ол Уақытша үкімет мүшелерін атаққұмар деп айыптап, «Шуро-и ислам» ұйымының саяси ұстанымдарымен келіспейтіндігін 5 қаңтар күні өзінің жетекшілігімен өткен Ташкенттегі Жұма мешітінде «Шуро-и-уламо» ұйымының жиналысында [15] білдірді және 10 қаңтарда Ташкентте мұсылмандар митингісінде ұйымдастырып, Өлкедегі кеңестік билік пен Түркістан мұхтарияты арасындағы текетірес қантөгіске әкеліп соқтырады, одан халық зардап шегетіндігін мәлімдеп, қиындықтан шығудың жолы ретінде Ташкентте Түркістан мұхтарияты мен Өлкелік халық комиссарлары кеңесі бірігіп халықтық автономия құруы керек деген ұсыныс жасады [16].

С.Лашиннің өлкеде саяси билікті әлжуметтік және ұлтаралық қақтығыстарсыз орнату жайындағы осындай ұсыныстарын жинақтап, 1918 ж. 17 қаңтарда «Орыс социалистеріне «Улеманың» Ташкент ұйымы атынан» деп аталатын мәлімдеме жолдады [11, 3-10 ш.]. Т.Котюкова осы мәлімдеменің авторы С.Лашин болуы мүмкін деген болжам жасайды [17, 23]. Лашиннің түрлі саяси параларда сөйлеген сөздері мен жасаған мәлімдемелерінің мәтінін салыстыра талдау арқылы аталған мәлімдеменің авторы С.Лашин деген қорытындыға келдік. Мәлімдемедегі көтерілген идеялардың сабақтастығы, ұсыныстардың бірізділігі және жазу стилінің бірегейлігі біздің осындай тұжырым жасауымызға негіз болды.

Өлкелік халық комиссарлары кеңесінде социал-революционерлер билеуші партия болғандықтан мәлімдеме орыс социалистеріне арналды. Аталған құжаттан С.Лашиннің өлкедегі билікке қатысты саяси көзқарастары барынша толық көрініс тапқан. Қайраткер мәлімдемесінде «Ислам мен социализмнің арасында өзара үйлесімділік барын» діни қағидаларды салыстыра талдай отырып негіздейді және «ислам, өмірлік жаратылым туралы ғылым ретінде қалыптасып, сүреңсіз христиандық кертартпалықты алмастырды және өзінің негізіне адам табиғаты мен адами қатынастарды тануды алып, әлемді парасатты ғылыми жолға түсірді» дей отырып, «европалық империализм өз кезегінде еркін ислам әлемін өзіне бағындыру үшін аяусыз да белсенді күрес жүргізіп жатқанда, Еуропаның өзегінде қазіргі



Ресейден көрініс ташқан социализм туралы ілім қалыптасып, мұсылмандық Шығыспен бетпе-бет келді» деген тұжырым жасайды. Өз мәлімдемесінде ислам мен социализмнің бірлесіп өмір сүруі үшін Кеңестер билігін Түркістан мұхтариятымен ымыраға келіп, «халықтық өкімет құруға» шақырды. С.Лапиннің исламдық социализм идеясы осы екі қоғамдық құрылымдардың ұқсастықтарын, ортақ ұстанымдарын іздестіруінен де көренеді. Ислам діні мен социалистік ілім еңбекші бұқараның мүддесін көздейтінің, екеуінің де империализмнің қас жауы ретінде адамды адамның қанауына, ұлтшылдыққа, яғни бір ұлттың екінші ұлтқа үстемдік етуіне қарсы тұратынын, социализм «Барлық жер еңбекшілердікі» десе, исламда «Жерді Алла жаратқан, оны кім өңдеп, тер төксе ол соныкі» дейтін қағидаларын алға тартады.

Оның «Ресейдегі саяси-әлжуметтік революцияның қысымы нәтижесінде Түркістан мұсылмандарының қасіретті жағдайға душар болуы мені социалистерге қалыптасқан ахуалдан шығудың, өзара түсініспеушіліктерді шешудің жолдарын көрсетуге итермелеп отыр» деген сөздері мәлімдеменің жазылу мақсатын танытады. Ол «Мұсылмандық Шығысқа еуропалық елдердің ішінде бұрынғы патшалық Ресей полициялық-миссионерлік әрекетімен орасан зардап әкелді» деп отарлық биліктің пынайы бейнесін әшкерелейді. С.Лапин Түркістанда бірінші дүниежүзілік соғыстан туындаған мәселелерді де назардан тыс қалдырмады. «Әлемдік соғыстан туындаған Ресейдің ішіндегі оқиғалар мұсылмандар санасына еуропалық арам пиғылдың сейілетіні жайлы сенім ұялатты. Еуропалық арам пиғыл революциялық демократияның «Анексиясыз, контрибуциясыз бейбітшілік және халықтардың өзін-өзі бижуі қамтамасыз етілсін» деген ұран бойынша күйреуі тиіс. Мұсылмандар сіздердің бұл ұрандарыңызды зор қуанышпен, өздерінің пайғамбарларының бұдан 1336 жыл бұрын «Әлемде құлдық, адамды адам қанау болмасын, жер бетінде Алла атымен әділдік орнасын» деп жазылған жасыл туын көтеріп қарсы алды» деген тұжырым жасай отырып, «Түркістан мұхтариятын жариялауда өлке мұсылмандары Ислам қағидалары негізінде өзін өзі басқаруға үміттенді. Осы уақытқа дейін орыс қоғамының буржуазиялық пиғылдағы тобының ойында Түркістан мұсылмандары автономиялы бола алады деген пікір болмады» деген саяси бағамен сабақтастырады. Осыған байланысты оның социализмдегі таштық ұстанымдарының мұсылмандық ұғымдағы баламалары туралы салыстырулары да қызықты болып келеді. «Естеріңізде болсын - мұсылмандар арасынан сіздер жұмысшыларды немесе кедейлерді табарсыздар. Шынында, олар сіздермен көп жағдайда келіскенімен шариғаттан ешқашан бас тартпайды, өйткені ол ең алдымен мұсылман және ислам ілімінің дұрыстығына сенеді. Бұдан шығатын қорытынды біреу: пындығында, Сіздердің үміттеріңізге негізделген идеяларыңыз ислам елдерінің әлдебірінде жылдам әрі жеңіл іске асуы мүмкін, тек бір ғана жағдайда, егер олар сіздердің мәзірлеріңіз бойынша емес, шариғаттың

ұстанымдарына негізделген мұсылмандардың дегені бойынша атқарылса ғана» деген тұжырым жасайды.

Ендігі мәселе, өлкедегі саяси-әлеуметтік текетіресті болдырмау үшін не істеу керек? Лапин бұл мәселеге қатысты мынадай ұсыныс жасайды: «Қантөгіске жол бермеу үшін өлкеде таза мұсылмандық автономия құру қажет. Бұл автономия үкіметімен қатар өлкеде Ресей республикасының органы – Халық комиссарлар кеңесі болсын, оған өлкедегі мұсылман емес тұрғындарды басқару жүктелсін. Мұсылмандық автономияның басқармасы Исламдық социализм принциптері негізінде құрылып, өлкедегі сауда мен өнеркәсіпті бақыласын, еңбекші бұқараны өсімқорлардан, мүлікті таптан қорғасын» дей келіп, «Бірақ бұл жағдай барлық Ресей республикасы социалистік болғанда ғана мүмкін» болатындығын атап көрсетеді.

Сол сияқты ол болашақ «Мұсылман автономиясын басқару қатаң исламдық социализм негізінде құрылуы керек, яғни өлкеде капиталдың өсуіне жол бермеу, сауда мен өнеркәсіпке бақылау орнату, жұмысшы тапты өсімқорлық қанаудан қорғау үшін күштеу арқылы ауқатты топтардан «зекет» пен «ұшыр» алып, ол табысты шарифат талаптарына сай жұмысшылар мен кедейлердің мұқтаждарына жарату» керектігін алға тартады. Демек, осыған байланысты С.Лапиннің шарифаттың экономикалық құндылықтарын нарықтық қатынастардағы «қосымша құн» теориясы мен кеңестік жоспарлы экономиканың негіздеріне балама ретінде ұсынғандығын көрміз. Сол сияқты Түркістан автономиясының федерациясының әлеуметтік-экономикалық құрылымында шарифаттың ұстанымдарына сай жұмысшылардың тұрмысын жақсартуға және жұмысшы еңбегін реттеуге қатысты арнайы заң қабылдануы керек екендігін де алға тартты.

Осы құжатта С.Лапин Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының беделді саяси ұйымының атынан өлкедегі саяси билікті қайта құрудың модулін ұсынып, оны ұйымдастырудың негізгі қағидаларын 14 тармаққа жіктеп көрсетеді. Атап айтқанда, Түркістандағы басқару формасын айқындау мақсатында Ташкент қаласында Құрылтай жиналысын шақыру ұсынылады (1 тармақ).

Осы Түркістан құрылтай жиналысы өлкедегі саяси басқару формасын айқындағанға дейін Сырдария, Ферғана, Самарқанд және Закаспий облыстары Ресей Федерациясының бір бөлігі ретінде қалып, бұл облыстарды қоныстанған мұсылмандардың ішкі өмірі шарифаттың әлеуметтік принциптері мен ережелерін басшылыққа алатын, Ресей республикасының Түркістан мұсылман федерациясы басқарсын (3 тармақ). Осылайша С.Лапин өлкенің болашақ саяси құрылымын біртұтас ұлттық бірлік емес, көпұлтты Түркістан мұсылман федерациясы түрінде қарастырады және ол федерацияның Уақытша халықтық үкіметі құрылып, ол мемлекеттік меншікке, бюджетке иелік жасайтын болады (10, 11, 12 тармақтар).

Ол Түркістан мұсылман федерациясының Уақытша үкіметі Ресей республикасының федерацияларымен бірге көрші елдермен де сауда-

экономикалық келісімдер мен шарттар жасауға, сол сияқты бірінші дүниежүзілік соғыста соғысушы мемлекеттер арасында бітім жасауға байланысты өткізілетін халықаралық конференцияларға өз делегаттарын жіберуге құқылы екендігін де атап көрсетті (13, 14 тармақтар).

Осы мәлімдемеде ұсынылған қағидалардың кейбірі сол кезеңдегі қалыптасқан саяси ахуалда түркістандықтардың ұлттық мүддесіне сай келе бермегендігі айқын еді. Мысалы, осы мәлімдеменің 9-бабында «Патша өкіметінің жергілікті халықтан саяси әрекеттері үшін күшпен тәркілеп алған жерлерден басқалары, орыс қалалары мен қоныстары орналасқан жерлер және орыс шаруаларының жер үлестері орыс азаматтарының игілігі болып табылып, Ресей республикасы үкіметінің қарауына өтеді» деген қағиданы ымырашылдықты - қазіргі саяси терминологиямен айтсақ толеранттықты басшылыққа алғандық деп қабылдауға болады. Лашиннің бұл әрекеті ұлттық мүддеден бір адым кейінге шегіну болғанымен, стратегиялық жағынан қоғамды жаңғыртуды әлжуметтік сілкіністерсіз іске асыру тұрғысында бір адым алға жылжығандық болды.

Сондай-ақ «декоративно-прикладное искусство» деген терминнің баламасы «сәндік қолданбалы өнер» деп аталып та, жазылып та жүр. «Декоративное» деген терминге «сәндік» деп қазақ тілінде орынды балама жасалған. Ал «Декоративное искусство» термині кейде «қолданбалы өнер», «қосалқы өнер», «безендіру өнері» деп те қолданылады. Сондықтан мұндай әртүрліліктерді болдырмау үшін бұл өнер түрін «сәндік өнер» деп алу қажеттігі туындайды.

«Изображение» мен «образ» деген терминдердің қазақ тіліндегі қолданылуында бір-бірімен көп шатастырылып жаңсақтыққа орын беріледі. Мысалы: Абай бейнесі, Шәкәрім бейнесі т.б. Шын мәніндегі «изображение» дегеніміз нұсқаның қағаз бетіндегі көрінісі. Ал «образ» дегеніміз белгілі кейіпкердің әдебиеттегі немесе бейнелеу өнеріндегі көркем бейнесі. Жалпы бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясы бойынша мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Термин дегеніміз белгілі бір ұғымды білдіретін сөз. Қазіргі кезге дейін бейнелеу өнері бойынша белгілі бір ұғымды білдіретін, бірақ терминологиялық жүйеге кірмеген іс жүзінде қолданылып жүрген терминдер көп. Қазақтың әдеби тілі өте бай, сөз қоры көп, бір сөздің бірнеше баламалары болуы мүмкін. Бірақ бұл баламалардың бәрі белгілі бір ұғымды білдіретін термин бола алмайды. Сондықтан осылардың ішінен біреуін ғана термин ретінде таңдап алу қажет. Яғни бір сөзбен балама табу керек. Мысалы: «компоновка» терминінің мағынасы, нұсқа көрінісін қағаз бетіне дұрыс орналастыру деген мағынаны білдіреді. Бұл мағынаны қысқаша «орналастыру» деп термин ретінде алатын болсақ бұл компоновка ұғымының мәнін ашып көрсете алмайды. Сондықтан термин жасаудың ұстанымдарына сай «компоновка» терминінің түпнұсқасына сай қазақ тілінде де «компоновка» деп қалдыру орынды. Барлық терминді қатарынан аударма беру міндет емес.

Көптеген термин сөздерді мағынасына қарай бейнелеу өнері шығармаларының композициялық құрылысын талдап түсіндіруде қолданады. Кейбір әдебиеттерде кездесетін «передний план», «средний план», «дальний план» деген сөздер орыс тіліндегі әдебиеттерден қазақ тіліне әртүрлі аударылған. «Ірі планда», «бірінші планда», «алдыңғы планда» «екінші планда», «үшінші планда», «ортаңғы жоспарда» «ірі жоспарда», «орта жоспарда», «арттағы жоспарда» деп әр түрлі аударма жасалған. Сөз тіркестерінің бұлай аударылуы сөздердің ішкі мағынасын, өнертанымдық мәнін толық ашпайды. Сондықтан бұл сөздерді мағынасы жағынан

композиция заңдылығына сәйкес келетін «алдыңғы көрініс», «орталық көрініс», «ұзақтағы көрініс» деп алу орынды.

Бейнелеу өнерінің орыс тіліндегі әдебиеттерінде живопись (кескіндеме) шығармаларына байланысты «живописное письмо» деген сөз қолданылады. Осы письмо (жазу) деп аталатын сөзді қазақ тілінде «салу» деген мағынада қолданамыз. Кейбір жағдайда бұл сөз «бояу» деген мағынада аударылған. Мысалы: «Сурет салуға, сызуға үйрету» деген кітапта «акварельмен жазу» деп аударудың орнына, «акварельмен жаққан бояу», «акварельмен бояу» деп қолданылған. Шын мәнінде живопись деген сөз «тіршілік» және «жазу» деген ұғымды береді. Біз живопись жұмысын орындағанда шығармашылық және логикалық бағытта ойлануымыз қажет. Сондықтан «салу» дегенге қарағанда живописітік жұмыстарды «жазу» деп атау орынды. Мысалы: «живопись жұмыстарын жазу үшін, живописітік сауат керек», т.б. Егер мәселе живописке қатысты болса «жазу жұмыстары» деп аталуы тиіс. Сондықтан да «салу деген» сөзді тек қана графикалық жұмыстарды орындауға байланысты қолдану қажет.

Бейнелеу өнеріндегі «античное искусство» термині қазақ тіліне «көне өнер», «ежелгі дүние өнері» болып аударылып, кейде тәжірибеде «антикалық өнер» деп қолданылып жүр. Бұлардың ішінде «Ежелгі дүние өнері» деген аудармасын алу орынды. Себебі ежелгі дүние тарихы деген ұғым бізге бұрыннан, яғни тарих сабағынан да таныс. Осы сияқты «Построение» деген сөз тәжірибеде термин ретінде жиі қолданылады, бірақ мұны аударуға мүмкіндік болса да аудармай сол күйінде алып жүрміз. Шын мәнінде бұл нұсқа көрінісін қағаз бетіндегі бейнесінің құрылысын салу деген ұғымды білдіреді. Сондықтан мұны «құрастыру» деп алған орынды.

Қазақ тіліндегі бейнелеу өнері әдебиеттерінің ішінде белгілі терминнің екі тілдегі бірдей атауы қатар қолданылады. Бірінші қазақ тіліндегі атауы, онан соң жақша ішіндегі орысша атауы немесе осыған керісінше бірінші орыс тілінде атауы, мұнан соң жақша ішінде қазақша атауы беріледі. Мысалы: кескіндеме (живопись) немесе живопись (кескіндеме), скульптура (мүсін) немесе мүсін (скульптура), сәулет өнері (архитектура) немесе архитектура (сәулет өнері) т.б. болып беріледі. Мұндай формада терминдердің мәтіндер ішінде берілуі, олардың қолданысында әлі де тұрақтылығы жоқ екендігін білдіреді.

Көптеген терминдердің қазақ тіліндегі баламалары анықталмай келеді. Бұл құбылыстың сәндік өнер терминдеріне қатысы бар. Көптеген терминдерді қазақ тіліне аударып қолдануға мүмкіндік болса да бұл мүмкіндік іске аспай келеді. Мысалы: «горельеф», «барельеф», «рельеф» деген терминдерді қазақ тіліне жаңа терминдер ретінде толық аударуға мүмкіндік табылады.

Кейбір бейнелеу өнері шығармаларының атауы орыс тіліндегі мағынасына сай аударма жасау мүмкіндіктері болса да сол нұсқасы тура сөзбе-сөз алынып жүр. Дұрысында бұл сөзді мағынасына сай аударма жасау қажет. Мысалы: «Бульжник оружие пролетариата», «Қара тас пролетариат

қаруы», «Мамаев курган» - «Мамаев қорғаны», «Родина - мать зовет» - «Отан ана шақырады» т.б. құсқаларында аударып қолдану ұтымды.

Көптеген қиындық жағдайлар бейнелеу өнерін оқыту бағытында көптеп кездеседі. Оларды төмендегідей бағыттарға бөлуге болады. Қазіргі кезде бейнелеу өнерін оқытуға арналған әдістемелік құралдар аз. Бұл оқу үдерісінде елеулі кемшіліктер кедергі жасайды. Бейнелеу өнерін оқыту үдерісінде, әдістемесінде терминдерді оқытудың белгілі анықталған жүйесі қалыптаспаған.

Оқыту бағдарламасында негізінен тақырыптар оқытудың мақсаты мен міндеттері берілген. Жиі қолданылатын кейбір терминдердің өзі толық мағынасын білдірмейді, терминнің қандай ұғымды білдіретіндігін айтып жеткізуге қиындық туғызады. Бұл деректерден мынадай қорытынды шығаруға болады: сурет маманы емес аудармашыларының жасаған аудармаларында терминнің ішкі формасын сақтау ұстанымы бұзылған; белгілі бір ұғымда бірнеше атаулар қолданылады; бейнелеу өнері терминдерінің қазақ тіліндегі түсіндірме сөздігі жоқ болу себепті терминдерді қолдануда әртүрлілік пайда болған; синонимдік терминдері оқыту тәжірибеде көп жансақтық туғызады; қазақ тіліндегі бейнелеу өнері терминдері әлі де болса бірізділік жоқ.

Жалпы терминдерді ретке келтіру мектеп көлемінде де шешілген жоқ. Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы көркем сурет факультеттерінде, педагогикалық оқу процесінде орыс тіліндегі термин сөздерді пайдаланады. Студенттердің сөздік қоры орыс тіліндегі терминдермен толығады. Сондықтан қазақ мектептерінде сабақ беруге келген жас мамандардың оқушыларға термин сөздерді түсіндіру үшін өзінше аударып қолдануына тура келеді. Осыдан келіп әр мұғалімнің аудармасы әртүрлі болып шығады. Осы сияқты жоғарғы оқу орнында оқытушы студентке әрқайсысы өз терминдерін қолдануы арқылы олардың сөз қорының ретсіздігін көбейтеді, әртүрлілігін арттырады.

Бейнелеу өнерін оқыту саласындағы адамдардың саны өскен сайын қазақ тіліндегі терминдердің әртүрлілігі көбейіп келеді. Сондықтан қазіргі кездегі бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының ең көкейкесті мәселелері мыналар болып анықталады: бейнелеу өнері терминдерін шет тілінен қазақ тіліне аудару ұстанымдарын айқындау; бейнелеу өнері жаңа терминдерінің жасалу ұстанымдарын анықтау; бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі түсіндірме сөздігін жасау; бейнелеу өнері терминдерін оқытудың бағдарламасын жасап, әдістерін айқындау болып табылады.

Қорыта айтқанда, қазақ бейнелеу өнерің терминдерінің қолданысындағы әртүрлілікті жою мен ретке келтірудің бұл ұсынылып отырған жобасы, басқа да түрік дүниесі елдерінің мәдениетінің дамуына өзіндік ықпалы болатындығы айқын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Искусство Казахстана. Ежегодник. Алматы: Өнер, 1980.
2. Қазақстан өнері. Жылнама. Алматы: Өнер, 1984.

### Қ.Ералин, Ж.Байдаулетов. Қазақ тіліндегі бейнелеу өнері...

3. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977.
4. Мұқанов К. Жүннен жасалатын бұйымдар. Алматы: Қайнар, 1990.
5. Аманжолұлы Қасым. Дарига сол қыз. Алматы: Атамұра, 2002.
6. Айбергенов Төлеген. Бір тойым бар. Алматы: Атамұра, 2003.
7. Ергалиева Р.А., Труспекова Х.Х., Каргабекова Р.И. и др. Мастера изобразительного искусства Казахстана. 3-й выпуск. Алматы, 2004.
8. Tahsin Parlak. Дәстүрлі қазақ қалы өнері және ТІКА-Арал аймағы қалы тоқу өнерін дамыту жобасы. Анкара, 2002.
9. Қасиманов С. «Қазақ халқының колөнері». Алматы: Қазақстан, 1995.
10. Кишкамбаева Т.А. История искусств Казахстана.
11. Қазақ өнері энциклопедиясы. Алматы, 2002.
12. Қалиев С., Оразаев М., Смайлова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Рауан, 1994.
13. Ералин Қ., Айменов Ж. Сәндік қолданбалы өнер. Түркістан, 2005.
14. Бібыраев М., Әуесбаева П. Қазақтың мифтік әңгімелері. Алматы: Ғылым, 2001.

#### REZUME

#### **K.ERALIN, J.BAYDAULETOV (Turkistan) TO DELETE THE DIFFERENCES OF USING ART DESCRIPTION TERMS IN KAZAKH LANGUAGE**

**The article reveals the contents of some of the terms of fine art in the Kazakh language as a means of communicating with students and teachers also examines issues uporyadotekheniya and unification of certain terms. Determined by the principles of the creation of new terms on the basis of a language.**

Б.ЖОЛДАСОВА  
Д.ҚҰРЫМБАЙ

### САҚ (СКИФ) МӘДЕНИЕТІНДЕГІ АҢ СТИЛІ

*Автор мақалада бүгінгі Орта Азия, Сібір, Еуропа халықтарының бейнелеу өнерінің негізін қалаған сақтардың «аң стилі» туралы ойын ортаға салады*

*Bu makalede, Orta Asya, Sibirya ve Avrupa halklarının tasvir sanatının temelini atan İskitlerin hayvan süline ilişkin görüşleri ele alınmaktadır.*

Көшпенділер мәдениеті мен өнері өзінің жаулары мен жақтастарын таңдандырып, құндылығымен жарты әлемге мәшһүр болды.

Әсіресе «аң бейнелі» әдіспен әсемделіп соғылған нәзік те нақышты дүниелері басқа елдердің құрметпен қарауына мойынсындырды, ертедегі эллиндік және қытай шеберлері көшпенділер өнеріне тәнті болып, оны өз бойларына сіңіруге тырысты. Сақ – скифтер қолынан туындаған өнер ықпалы ежелгі шығысқа да, батысқа да үлкен әсер етті. «Аң стилі» дегеніміз ыдыс-аяққа, киімге, тұрмыс заттарына, қару-жараққа әшекей ретінде салынған түрлі жануарлардың бейнелері [2].

Сақ-скиф мәдениеті қазіргі замандағы мүсіндеу – бедерлеме өнерінің кез келгенімен тайталаса алады, тіпті ықшамдап жасалу шеберлігімен, ойлылығымен, әсемдігімен олардан оқшау, алда тұра алады. Ерекше, қайталанбас сақ-скиф өнері тек алтыннан ғана жасалынған жоқ, сонымен қатар қола құйма өнерінің тамаша мектептерін қалыптастырды. Құйма және тастан қашау тәсілімен домалақ мүсіндер сомдады, күнделікті өмірге қажетті ыдыстар, ат әбзелдерін жасады, әсіресе қоладан неше түрлі қазандар құю ерекше дамыды. Қазанның құлақтарында, ернеулерінде неше түрлі жыртқыш аңдардың кішкене мүсіндері қолданылатын, ал аяқтары скифке тән аңдар бейнесінде безендірілді.

Сақ-скиф тайпаларының қолтумалары массагет, алан, үйсіндер арқылы ежелгі Қытай патшалықтарымен қызу қарым-қатынаста өмір сүрді. Қытай шеберлері сомдаған аңдардың (қанатты, қабылан т.б.) жасалу, құю тәсілі скиф өнерін еске түсіреді. Олар көшпенділердің аң бейнелі ағымын әрі қарай дамытып, таңғажайып өнер туындыларын өмірге әкелді. Әлемнің жартысына жайылған өркенді өнерімен табындырған скиф – сақтар уақыт өте әшекей безендіру полихромдық (қоспалы әдіс) өнерімен де аты шықты.

Б.з.д. III-II ғасырларда «аң бейнелі» ағымға ерекше оң беріп толықтырылды. Ырғақты бедерлеме айшықтар енді түрлі асыл тастармен көмкеріліп сән-салтанатты кейіпке енді. Барған жерлерінде билік құрып, орныққан кезде ішкі-сыртқы құрылысы қазақ үйге ұқсас етіп күмбезді әсем сарай, ғибадатханалар салдырып отырған. Шаңырақ тәрізді төбесінде жарық түсетін тесік – ойық көптеген елде үлгі ретінде тарап, сәулет өнерінің ең бір ұлы жетістігіне, стиліне айналды [1].

Сақтар өздерінің өлген патшаларына алтын киімін киіндіріп, кең лақатқа қойған, ал олардың үстіне зәулім архитектуралық ескерткіш - алып оба тұрғызған. Қоғамның басқа мүшелерін жерлеу ғұрпы иерархиялық басқыш сатыларының төмендеуіне қарай оңайлатылып отырған. Ғұрыптың әлеуметтік жағдайға қарай саралануына ата-баба рухтарына, әсіресе патшаларға - күн бейнелі күшті қамқоршыларға табыну үлкен рөл атқарған. Далалық өркениет Күнге, табиғат күштері мен көсемге, яғни әскери жолбасшыға табынуға негізделген өз идеологиясын жасады. Осының барлығы «аң стиліндегі» олардың қайталанбас өнерінде көрініс тапты. Ерте темір дәуірі көшпелілердің идеологиясымен танысу үшін «Есік» қорғаны бірегей мүмкіндік береді. Сақтардың өз мифологиясы болған, ол «Алтын адамның» киім композициясында, оны жерлеу жоралғысында көрініс тапты. Оның басында тымақ тәріздес желкелігі бар, төбесі шошақ, биік бөркі болған. Бас киіміндегі бейнелер символикалық мәнге ие болды. Жауынгердің бас киімінде «алтын таулар» мен «ағаштар» қоршаған дүниені көз алдына елестететіндей айналдыра тігілген. Бас киімнің жоғары жағында Митра Құдайының кеңінен таралған рәмізі - алтын қойдың бейнесі бар. «Алтын адам» Күн Құдайымен теңестірілгендіктен шаншылған алтын жебелер күннің сәулесі деп есептелінеді. Көшпенділердің түсінігінше «мәңгілік өмір сүретін» адамдардың қатарына тек патшалар мен көсемдер жатады, олардың тайпа көсемдері туралы «күнде өмір сүреді» деген ұғым қалыптасқан. Бас киімнің беткі жағындағы алтын жебе, ешкі мүйізді, алтын қанатты пар ат эмблемасы «патшалықтың белгісін» білдіреді. Егер осы бейнелерді зерделер болсақ құс - жоғарғы әлем, аспан; ат - ортаңғы әлем, жер; ешкі - төменгі жақ, жер асты әлемі; қанатты жебелер - Жердің төрт тарабы. Бұл рәміз көсемнің билігі туралы және оған бағынышты қоғам құрылымы туралы түсінікті бейнелейді. Сақтарда жоғары билікті осылайша негіздеу тұжырымдамасы қалыптасты [3].

Бас киімдегі қанаттар «Алтын адамның» абыз болғандығын көрсетеді. Құстар бейнесі жоғары әлем рухына, аспанға ұшумен байланыстырылады. Әскери жасаулардағы жыртқыштардың яки барыстың, арыстанның, жолбарыстың, қасқырдың бейнеленуі осы аңдардың жауынгер мен оның қару-жарағына дем беруші күш деп есептелді. Сондай-ақ жолбарыстың бейнесі отқа табынушылықпен байланысты болды. Нақ солардың бейнелері мен табыну бұйымдары алтарь және темекі тартатын бөлмеге хош иісті түтін шығаратын аспапты қорғайды.

Белгілі бір түс және олардың туғызған әсері дүниені мифологиялық түрде пайымдаудың маңызды элементі деп табылатындықтан түс ерекше ақпараттық құндылыққа ие болды. Киімдегі қызыл түс және оның алтын жасауы - Күннің буырқанған қуаты мен құдіреттілігін бейнелеген түстері, күміс түс - Айдың, көгілдір түс - аспанның түсі деп есептелді.

«Аң стилі» белгілі бір діни наным-сенімге байланысты ұғымды білдіргендіктен жыртқыш жануарлар мен құстардың бейнелері қару-

жарақтарға немесе атқа ерекше күш беретін тұмар ретінде қолданылды. Жануарлардың жекелеген бейнелері киелі, рәміздік мағына береді. Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» бас киімі жылқы, құс, таутеке, барыс, т.б. топтасқан бейнесінде алтын қапсырмалармен әшекейленген. Осындай топтасқан бейнелерді зерттеу темір дәуірі көшпелілерінің идеологиясы мен діни түсініктері туралы мағлұмат береді.

Сақ (скиф) мәдениеті Карапат, Дунай, Батыс Тянь-Шань, Таулы Алтайдан бастап Памирге дейінгі аймақтарда қалыптасты. Мәдениеттің мұндай тұтастығын сақ шеберлерінің бейнелеу өнеріндегі «аң стилімен» байланыстырамыз. Сақ (скиф) «аң стилі» сақ мәдениетінің синониміне айналды. Сақ (скиф) шеберлері кескіндеме, қолөнер бұйымдарында «аң стилін» талғаммен үйлесімді қолданып, қияли бейнені ұтымды бере білген. Сақ (скиф) жәдігерлері эстетикалық, сапалық жағынан қазіргі мүсін, кескіндеме, бейнелеу өнеріне қарағанда жоғарғы деңгейде өзіндік мәнермен жасалған. Қола, темір, алтыннан ойып, құйып сақтар жасаған аң, жануарлардың шынайы, қияли образын түрлі көріністерде бейнелеу сақтардан бастау алды. Олар ішкі рухани танымдарын өнертануларында әсерлеп бере білген. Аңның мінезін, қимыл-әрекетін асқан нәзіктікпен келтіреді. Аузы ақсиып, жемтігіне атылған жыртқыш аңның қимылы асқан нәзіктікпен берілген. «Аң стиліндегі» арыстанның текені немесе елікті жеу көрінісі күзді тұспалдаса, арыстанның өгізді жеу көрінісі – көшпелілердің көктемде наурызда тойланатын жаңа жылдың нышаны.

Сақтардың «зооморфтық стилі» түрлі мәнерде қолданылып, белгілі рәміздік ұғымды білдірген. Аңдардың жануарларға атылған сәті немесе аң аузында бейнелеу көрінісі сақтардың көркемөнерінде негізгі орын алады. Сақ (скиф) бейнелеу өнеріндегі аң мен жануарлардың, құстардың арпалысы мезгілдің ауысуының нышанын білдіреді. Ал, бейнелеу мәнерінде сақтар көп қолданған арыстан, теке, елік, бұқа аспандағы жұлдыздарды тұспалдайды. Ежелгі адамдар астрологиялық жыл санауды аң, жануарлардың атымен атап қоятын. Сақтардың (скиф) бейнелеу өнерінде «аң стилінің» магиялық күшіне табынушылық б.з.б. 1 мыңжылдықта қалыптасқан. Олардың композициясында аң мен жануарлардың арпалысы мен бір-біріне атылу сәттері бейнеленген. Ежелгі адамдар аң, құс пен жануарлардың арпалысу көрінісін «адамгершілік» пен «зұлымдықтың» күресі деп түсінген. Сақ (скиф) шеберлері бейнелеген аң, құс, жануарлар адамға эмоциялық ерекше әсер етеді. Олар бейнелеу мәнерінде аң, құс, жануарлардың өзіндік ерекшеліктерін дәлдікпен бере білді. «Бейнелеу өнеріндегі «аң стилі» ежелгі адамдардың табиғатпен жақындығын, олардың эмоциялық әсері мен ішкі рухани жағдайының айнасы іспеттес болды [5].

Сақтар аң мен жануарлардың арпалысындағы көріністі жыл мезгілінің ауысуымен байланыстырған. Ежелгі адамдар төрт мезгілді «жаз», «қыс» деп екіге бөліп, өз бейнелеу тәсілдеріне қысты жамандық, жазды жақсылық рәміздік ұғымында бейнелеген. Ежелгі сақтардың (скиф) бейнелеу өнерінде



«аң стилінің» қалыптасуының басты себебі, адамдар аңдар мен жануарлардан пайда болды деген қиялдан туған болу керек. Ежелгі адамдар табиғаттың тылсым күштері мен түсініксіз құбылыстарын мифке айналдырып отырған. Сондықтан сақтардың тотемдері аң, құс, жануарлар болған (бұғы, бұлан, қасқыр, таутеке, жолбарыс, бүркіт), мұндай аң, құс, жануарлар бейнеленген заттар қасиетті болып саналған. Олар тырнақ, сүйектерден тұмар жасап, ал тотемдерді қару-жараққа бейнелеген. Тотем таңба жауынгерлеріне жеңіспен оралуға магиялық әсер етеді деп ұққан. «Аң стилі» сақ шеберлерінің арасында б.з.б. III-I ғ.ғ. бейнелеу өнерінің биік деңгейіне жетіп, кейіннен өзгерістерге ұшырады. Сақ қолөнерінде «аң стилінен» стилизацияланған мәнерге өту Новочерск обасынан табылған сармат ханшасының тәжінде қарғалы мәнері қайталанған. Сақ (скиф) мәнеріндегі тәжде (диадема) аңдардың бірте-бірте стилизацияланып шырмақтануы басқа елдердің бейнелеу өнерінде кездеспейтін мәнер.

Ежелгі өркениетті мемлекетте өмір сүрген сақ шеберлерінің қолөнерді мұндай тәсілмен бейнелеуі, сол кезеңдегі өнердің өте жоғары деңгейде болғандығын көрсетеді. Жануарлар мәнерінде мыңдаған жылдар болса да бұл өнер бүгінгі күні өзекті мәселелердің біріне айналды. Сақ (скиф) «аң стилі» мен андрондықтардың геометриялық ою-өрнек түрлері бүгінгі күні кеңінен қолданылады. Сақтардың бейнелеу өнерінде қолданылған ою-өрнек түрлерін қазақ қолөнерінде бірен-саран кездестіреміз. Сақ шеберлері аң, жануарлар, құстарды «аң стилінде» бейнелегенде денелеріде таңбаларды қоса салған. Сақтардың (скиф) тотем мен космогониялық таңбаны бірге беруі, олардың діни дүниетанымынан туған ұғым. Орта ғасырда бұл таңбалар рулық таңбаға айналады. Ғасырлар өткенімен сақ «аң стилі» жаңа образдармен толыққан жоқ. Керісінше сол ежелгі баға жетпес жәдігерлер біздің ата-бабаларымыздың өмірінен сыр шертетін шежіре ретінде өмірімізге еніп отыр. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған сақтардың (скиф) көне ескерткіштерінде бейнеленген «аң стиліндегі» мәнер мынадай топтан тұрады: қиялдаудан туған жануарлардың бейнесі; жануарлар бейнесінің шартты түрде берілуі; мүйізді жануарларды бейнелеу; аңдардың жануарларға атылған бейнелері; аңдардың аузындағы жануарлардың бейнесі; арқар, таутеке бұғы, елік, ақбөкен бейнеленген композиция; мысық, қораз бейнеленген заттар [4].

Сақтардың «аң стилі» бүгінгі Орта Азия, Сібір, Еуропа халықтарының бейнелеу өнерінің негізін қалаған. Ежелгі көшпенділер кезінде бір шеті Қытай, екінші шеті Солтүстік мұзды мұхит, бір жағы батыс Европаны басып өтіп, Мысырға дейін көшіп-қонып, әр дәуірде билік құрып үстемдік еткен. Олардың түрлі елдің мәдениетіне, өнеріне тигізген әсері ұшан теңіз. Бүкіл әлем халықтарының өнерінде тайға таңба басқандай көшпенділер ықпалының табы, стилі, сезіледі.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Ақишев К. Архитеуралық аса бағалы ескерткіштер. Ежелгі мәдениет куәлары. А., 1966, 57 б.
2. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. А., Т.1., 1996. 1-2-бөлімдер.
4. Кадырбаев А.Ш. История Казахстана: первобытный мир и древность. А., 1998.
5. Әмірбекова М.Ш. Сақ (скиф) тарихы мен мәдениеті. Оқу құралы – Алматы: «Зият Пресс», 2004.

**REZUME**

**B.ZHOLDASOVA, D.KURYMBAY (Turkistan)  
THE STYLE OF THE BEAST IN THE SAKA (SCYTHIAN) CULTURE**

The author of the article shares his thoughts about the "animal style" Saks, which became the foundation of modern art of the peoples of Central Asia, Siberia and Europe.

ТҮРКОЛОГИЯНЫҢ АЛЫП БӘЙТЕРЕГІ ЕДІ...



Қазақ ғылымы оның ішінде түркология саласы өзінің алып бәйтерегінен айрылды. ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рахманқұл Бердібай 85 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Бар өмірін халқының мәдениетін дамыту жолына арнаған ғалымның халықтың арын жоқтаудағы азаматтық келбетінің өзі ерекше болатын. Кешегі Кеңестік режим кезінде қазақ мәдениетін жою үшін орталықтан ұйымдастырылған неше түрлі қитұрқы әрекеттер белең алып тұрған кезеңде қазақтың нағыз патриоты ретінде өз елінің намысын қорғап, тілінің тағдырына араша түсіп, шындықты қаймықпай айтқаны үшін талай рет режимнің қыспағына да түсті, жұмыстан да қуылды. Алайда, бәрінен халқын жоғары қойған ұлшыл азаматтың рухын сындыра алмады. Алматыда жүрген кезінде саяси додаға да түсті, әдебиет майданына да араласты. Отыз жылдан астам уақыт М.Әуезов музей үйінде Халық университетін ашып дәріс оқыды, жастарға түркі халқының, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің бастаулары туралы терең тәлімді тағылым беріп келді. Қазақ мәдениетін қайта жандандыру үшін Қызыл империяның қарсылығына қарамастан Алматы сияқты орыстанудың салдарынан рухани дүниесі жұтаңдап бара жатқан қалада бір топ зиялы қауыммен біріге отырып, қазақтың айтыс жанрын сахнаға алып шықты. Қазақ тілді мектептерді көбейту туралы өзекті мәселені төтесінен қойды. Қазақ әдебиетінің дамуы, әсіресе проза саласының өсу тарихы туралы іргелі зерттеулер жазды. Ел ішін аралап көптеген өнер адамдарын тауып, шығармаларын халыққа таныстырды.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алған тұста да мәдениет пен қазақ тілінің мәртебесін көтеру туралы өзінің азаматтық ұстанымдарын баспасөз бетінде жариялап отырды. Өмірінің аяғына дейін халқының тағдырына алаңдап, әрбір түйткілді мәселесіне сергек қараған абыздың қолынан қаламы түспей кетті. Тәуелсіздік алған соң ғалым өзінің туған жеріне қайта оралып, қасиетті Түркістан қаласынан ашылған Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде ұстаздық етті. Әсіресе түркология саласында өнімді еңбектер жазды. Бірқатар еңбектері Түркиядан жарық көрді. Өз жерінде жас ұрпақты ғылым мен білімге баулу жолында бар күшін сарқа жұмсаумен болды. Түркістаннан түлеп ұшқан ақиық, кіндігін кескен жері Түркістанға қайта оралды, туған жерінің топырағы бұйырды.

Рахманқұл Бердібай 1927 жылы 2 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданының Ихан кентіне жақын Көкіш деген ауылда туған. Ащысай кентіндегі орта мектепте оқып, 1943-1944 оқу жылында Түркістан педагогикалық училищесін бітірген. Ол 1944-1945 жылдарда Ащысай кентінде жұмыс істейді, кеншілердің ауыр да абыройлы еңбегімен танысады, өлең, очерк жазумен шұғылдана бастайды. Оның «Жас кенші» деген алғашқы өлеңі 1945 жылы «Оңтүстік Қазақстан» газетінде басылады.

1945 жылғы қыркүйекте Р.Бердібай қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Ол кезде университеттің филология факультетінде қазақтың ең танымал ғалымдары сабақ береді. Әсіресе қазақ әдебиетінің классигі әрі ғұлама М.Әуезовтің ауыз әдебиетінен дәрістері білімнің кәусар бұлағындай болатын. Орыс әдебиетінің жаһанға даңқы кеткен шығармаларымен танысу, әдебиет үйірмесінде өлеңдер оқып, талқылауға қатысу Р.Бердібайдың көркем әдебиет сырларын тереңдеп үйренуіне жол ашқан еді... Р.Бердібай университетті үш семестр үздік бағамен оқып, тұрмыс жағдайына байланысты сырттай оқу бөліміне ауысады. Сырттай оқыған жылдарда (1947-1948) ол Ащысай кентіндегі орта мектепте қазақ әдебиетінен сабақ береді. Р.Бердібай 1948-1949 оқу жылында Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіріп шығады.

1949-1953 жылдарда Р.Бердібай Оңтүстік Қазақстанның Ильич, Мақтарал, Фрунзе аудандарында қазақ орта мектептерінде директор, аудандық оқу бөлімінде инспектор болып қызмет істейді. Әдеби, ғылыми ортаға жақындауды арман еткен Р.Бердібай 1953 жылы күзде Алматыға келіп, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне аспирантураға қабылданады. 1953-1954 жылдарда ол әдебиет пен сын тарихынан, философиядан білімін толықтырады, аспирантураның теориялық курсына тәмамдайды... «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет істеген жылдар (1955-1959) Р.Бердібайдың әдебиетшілік тағдырына елеулі із қалдырады; ол сыншы-публицист ретінде осында қалыптасты. Бұл жылдарда сыншының әдебиет тарихы, мәдени мұра, қазақ тілінің тағдыры туралы («Ең үлкен мәдени байлық», «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері», «Музыка

мұқтажы», «Әдебиет пәні және оқулық», «Шығыс қазынасы», «Қазақша энциклопедия қажет» т.б.) жазған проблемалық мақалалары жұртшылықтан қолдау тауып, Қазақстан үкіметінің ұлт мәдениетін көркейтуге бағытталған үш бірдей қаулысының алынуына себепкер болды. 1955-1959 жылдар Р.Бердібайдың әдебиет сыншысы ретінде өнімді еңбек еткен кезеңі болса, ол 1960-1972 жылдар арасында әдебиеттің тарихы және теориясы мәселелерімен тереңірек айналысады. Сыншы ғалымның осы тұстағы ізденістерінің нәтижесі «Әдебиет және өмір», «Роман және заман», «Қазақ прозасындағы замандас бейнесі», «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы», «Дәстүр тағылымы» тәрізді кітаптардан көрініс тапты. Р.Бердібай 1961 жылы филология ғылымдары бойынша кандидаттық («Қазіргі қазақ романындағы сюжет проблемасы»), 1971 жылы докторлық («Қазақ романдарының теориялық мәселелері») диссертация қорғайды.

Өзінің еңбектерінде қазақ әдебиетінің әр дәуірдегі туындыларын білгір талдаған Р.Бердібай қомақты да көпқырлы жанр - романның қалыптасу жолдары, шеберлік деңгейі, көркемдік жаңалықтар жөнінде маңызды монографиялар («Роман және заман», «Қазақ романы», «От легенды к роману», «Қазақ тарихи романы», «Тарихи роман», «Мұхтар пыңы») жариялады... 1968 - 1970 жылдарда ол жаңадан ашылған Қазақ Совет энциклопедиясы Бас редакциясының жауапты секретары болып, 70 мыңға жуық терминнен тұратын 13 томдық әмбебап энциклопедияның сөз тізбегін саралауға басшылық етті. Ол — алты томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1960-1967 ж.ж.), «Көпұлтты совет әдебиеті тарихы» (1970-1974 ж.ж.) авторларының бірі...

Р.Бердібай 1973-1995 жылдарда Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында фольклор бөлімінің меңгерушісі болды. Сонымен бірге Алматыдағы әл-Фараби және Абай атындағы мемлекеттік университеттерде ауыз әдебиетінен лекция оқыды. Бұл кезде оның басшылығымен «Қазақ фольклорының типологиясы», «Қазақ тарихи жырларының мәселелері», «Фольклор пыңдығы», «Фольклордың тарихилығы», «Ауыз әдебиетінің архаикалық жанрлары», «Фольклордың поэтикасы» секілді коллективтік монографиялар жазылды. Ал «Қазақ фольклористикасының тарихы» деген еңбегі үшін Р.Бердібайға және бірнеше фольклоршыға Ш.Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлық берілді. Оның көне, қаһармандық, ғапықтық, нақтылы тарихи жырларды жанрлық-стадиялық сипаты жағынан зерттеу жөніндегі концепциясы эпостануда жаңа бағыттың негізін салды. Бұл жырларда ғалымның қаламынан «Қазақ эпосы», «Сарқылмас қазына», «Кәусар бұлақ», «Эпос - ел қазынасы», «Жыршылық дәстүр», «Айтыс әлемі» секілді күрделі еңбектер туды. Оның ғылыми жетекшілігімен отыздан артық докторлық және кандидаттық диссертация қорғалды. Бұл және басқа еңбектері оны қазақ фольклоршыларының көшбасшысы деңгейіне көтерді. Р.Бердібаевтың қатысуымен қазақ фольклорын филология факультеттерінде оқытудың бағдарламасы жасалды.

Ғалым Рахманқұл Бердібайдың зерттеушілік қызметінің тағы бір саласы түбі бірге туысқан түркі халықтары әдебиетінің өзара байланысына арналған. Бұл мәселе оның «Гүлстанның бұлбұлдары», «Достық кемесінде», «Сарқылмас қазына» деген кітаптарынан бастау алып, «Байкалдан Балқанға дейін», «Жұлдыздар жарығы», «Ел боламыз десек», «Түбі бір түрікшіз», «Дәстүр қуаты» атты жинақтарда жалғастық тапты. «Байкалдан Балқанға дейін» (1997) атты кітапта зерттеуші саха (якут), алтай, тува, хакас, ұйғыр, қырғыз, өзбек, түркімен, татар, башқұрт, әзірбайжан, түрік, құмық, қарашай-балқар, ноғай, қырымтатар, қарайым халықтарының этникалық тарихы, фольклоры, әдебиеті, мәдени дәстүрі жөнінде қызғылықты мағлұматтар береді. Ал «Жұлдыздар жарығы» (2000) монографиясында түрік халықтары әдебиетінің классиктері Ж.Баласағұн, А.Ясауи, А.Йүгінеки, Ю.Эмре, Ә.Науаи, Мақтымқұлы, Сеиди, Б.Назым, Бердақ, Тоқтағұл, Тоқай, жыршы Қазақ (құмық ақыны) т.б. өмірі мен шығармашылығы сөз етілген. Бұл еңбектердің түрік халықтары арасындағы ертеден келе жатқан тамыры терең байланыстарды, рухани бірлікті таныстыруда тағылымы мол. «Байкалдан Балқанға дейін» түрік тіліне аударылып, Анкарада (1997) басылып шықты. Осы кітаптағы «Көзқамандар» деген мақала орыс, өзбек, ұйғыр, татар тілдерінде жарияланды... Қырғыз халқының ұлы эпосы - «Манастың» даңқын әлемге әйгілеп, өпшес еңбек сіңірген қазақ ғұламалары Ш.Уәлихановтың, М.Әуезовтің, Ә.Марғұланнның игі өнегесін жалғастырып жүрген қазіргі манастанушылардың бірі Р.Бердібай екенін айту парыз... Оның парсы-тәжік поэзиясының жұлдыздары: Рудаки, Фирдоуси, Омар Хаям, Сағди, Хафиз, Жәми жайындағы зерттеулері өз алдына бір төбе...

«Түбі бір түрікшіз» (2002) деген күрделі еңбегінде автор түрік халықтарының рухани бірлігін бұдан былайғы дамұмыздың маңызды шарты деп қарайды. Осы көрсетілген еңбектерімен қатар Р.Бердібай туыс халықтар фольклорының әлі де шешімін тауып болмаған күрделі проблемаларын («Түрік халықтары эпосының тарихи-генетикалық типологиясы» т.б.) методологиялық тұрғыдан көтерді. Оның сыншылық, әдебиетшілік, фольклоршылық, түркітанушылық, публицистік саласындағы ізденістері 45 кітап, 1500 мақала түрінде жарыққа шықты.

Публицист жазушының ана тілі, мәдени мұра, ұлттық дәстүр тағдыры туралы мақалалары мәселені өткір қоюымен, талдауларының нақтышығымен және батылдығымен ерекшеленеді, Қазақ жерінің эрозияға ұшырауы, ядролық сынақтар салдарынан өмір сүретін органың, ауаның ластануы, мыңдаған гектар жердің құмдауытқа айналуы, Қазақстанның өсімдік және жан-жануарлар дүниесіне келтірілген зардаптар қаламгер еңбектерінде ұдайы көтеріліп келеді. Соңдай-ақ оның шет елдердегі бес миллионнан артық қаңдастарымызды отанына оралтудың кезек күттірмейтін мәселе екендігі, дүние жүзінің діни конфессияларының Қазақстанға дендеп кіріп, ұлтымыздың рухани бірлігіне зиян келтіріп отырғандығы, басқа елдерден қайтып оралғандарға қамқорлықтың жеткіліксіздігі, қазақ тілінің мемлекеттік

мәртебесін жүзеге асыру жөнінде басшы ұйымдардың дәрменсіздік көрсетіп келе жатқаны, тастанды бала сатудың сорақылығы, республика өңірінің экологиялық апат аймағына айналуы туралы жарияланымдары ел тағдырына перзенттік жанашырлықтың жарқын мысалдары. Мұның бәрі Р.Бердібайдың ұлт мұраты мен намысына қатысты мәселенің епқайсысына бейтарап қалмай, сұмдық пен зұлымдық атаулыны ұдайы әшкерелеп, халық санасын оятуға дарыны мен қайратын сарқа жұмсап келе жатқанын сипаттайды.

Ғалымның бұлардан тыс атқарған игілікті ісі - М.Әуезов Музей-үйінде 35 жыл бойында Алматы қалалық қазақ әдебиеті мен өнер Халық университетін басқарып, қазақ халқының соңғы 1500-2000 жыл бойындағы тарихы мен мәдениеті тақырыбына 500 дәріс өткізуі. Бұл еңбегі үшін ол Бүкілодақтық «Білім» қоғамының ең үлкен сыйлығы - Вавилов медалімен наградталды...

Р.Бердібай басқарған Халық университеті көптеген «жабық» тақырыптарды қайта көтерумен қатар, кейбір ұмытылған немесе жоғалған әдеби-музыкалық дәстүрлерді де жандандыруға ат салысты, ұзақ жылдар бойында толастап қалған ақындар айтысын, жыраулық-жыршылық өнерді көркейтуге тікелей үлес қосты. Қазақ домбырашылық өнерінің бір саласы — шерпше күйлерді «тірілтуге» де осы қоғамдық университеттің қызметі зор.

Әдебиет сыны, тарихы, фольклорға саласындағы көрнекті еңбектерін жоғары бағалап, Қазақстан үкіметі оған «Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткері» (1983), «Қазақстанның еңбегі сіңген мәдениет қызметкері» (1992) атағын берді. Р.Бердібай - Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Түрік тілі құрымының (Түркия), Халықаралық Шыңғыс Айтматов қоғамдық академиясының, Ресейдің халықаралық психология академиясының мүшесі, Ш.Уәлиханов атындағы, «Түрік дүниесіне қызмет сыйлықтарының» иегері. Ол «Парасат» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек» ардагері», «Тәуелсіз Қазақстанның 10 жылдығы», «Ана тілі», Қырғызстан республикасының «Даңқ» медальдарымен, Қазақ ССР Жоғары советінің құрмет грамотасымен ардақталған.

Р.Бердібай Қазан, Уфа, Ташкент, Баку, Мәскеу, Петербург, Вильнюс, Таллин, Минск, Киев, Кишинев, Тбилиси, Ашхабад, Душанбе, Бішкек, Нөкіс, Элиста қалаларында халықаралық, регионалдық, республикалық конференцияларда фольклор мен әдебиеттің маңызды мәселелері бойынша баяндамалар жасады. Ғалым Түркияның Анкара, Измир, Анталия, Конья, Караман, Қырыққала шаһарларында түркологиялық конгрестерге қатысты; Сиэтл (Америка Құрама Штаттары) қаласында қазақ фольклоры мен әдебиетін үйренушілерге бағдарлама жасады, дәрістер оқыды.

Соңғы жылдарда Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері Рахманқұл Бердібайдың бес томдық шығармалар топтамасына (2005) оның жарты ғасырлық таңдамалы шығармалары енген. Оның әдебиет, фольклор, музыкаға, түркологияға арналған ғылыми-публицистикалық

шығармаларының бұған дейін кітап көлемінде жарияланбағандары (80 б.т.) екі том көлемінде жарық көрді. Одан бөлек 2010 жылы түркі тілдерінде сөйлейтін отызға жуық ұлттар мен ұлыстардың тарихи-этникалық және мәдени байланыстарының тамырластығын қамтыған, сондай-ақ қазақ тілі мен мәдениетінің бүгінгі өзекті мәселелерін көтерген «Қазақ-түркі эпостарының мәселелері» атты кітабы жарық көрді.

Рахманқұл Бердібай қазақ әдебиеті мен өнерінің, ғылымы мен мәдениетінің дамуына, қоғамдық сананың жаңғыруына аса зор еңбек сіңірген, қазақ ғылымының асқаралы тұлғасы ретінде танылған ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз еді. Өмірде сыпайы қалшынан айнымаған, өресі биік ғалым, ұлағатты ұстаз, ұлтын шын сүйген қайраткер тұлғаның асыл бейнесі ел жадында әрдайым сақталады. Өз ұлтының ұстыны, ұлыстың ұйытқысы бола білген ғалымның есімі әрқашанда ел есінде болары хақ.

**Түркология ғылыми-зерттеу институтының ұжымы**



МАЗМҰНЫ, СОДЕРЖАНИЕ, İÇERİK, CONTENTS

ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ		
<i>Уртегешев Н.С.</i> (Новосибирск)	Вокальные настройки калмакского языка по данным МРТ Қалмақ тіліндегі дауыстылардың МРТ бойынша анықталған жасалымдық қалыптары	3-7
<i>Urtyegyeshev N.S.</i> (Novosibirsk)	Kazak Dilindeki Sesli Harflerin MRT Bilgilerine Göre Yapılış Formları Vocal setting kalmaksk language on MRT	
<i>Микаелян Т.</i> (Ереван)	Обзор арабoписьменных (тюркоязычных) эпитафических памятников на территории Республики Армения Армения Республикасы аумағындағы араб жазуымен сақталып жеткен эпитафиялық ескерткіштерге шолу	8-16
<i>Mikaelyan T.</i> (Erevan)	Ermenistan Cumhuriyeti Topraklarında Arap Yazisiyla Yazılan ve Günümüze Kadar Muhafaza Edilen Yazıtlar Hakkında Review Arabopismennyh (Turkic) Epigraphic monuments in the Republic of Armenia	
<i>Bazytkhan N.</i> (Astana)	Eski түрük bitiktaş yazıtlarındaki etnonim adları ve göçebe түрük boylarının «tergek, tereg, qankli, alash, kazakh» arabaları hakkında Көне түрік бітіктас ескерткіштеріндегі этноним атаулары мен көшпелі тайпалардың «терек, терек, қанлы, алаш, қазақ» арбалары жайында	16-20
<i>Базылхан Н.</i> (Астана)	Древнетюркские кочевники в повозках «тергек,терек, канклы, алаш, казах» и этнонимы в древнетюркских письменных памятниках Ancient nomads in carts «tergek, terek, kankly, alash, kazakh» and ethnonyms in ancient turkic inscription monuments	
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР		
<i>Ижбаева Г.</i> (Уфа)	Заглавие повести М. Карима "Долгое-долгое детство" в его концептуальном значении М.Каримнің «Долгое-долгое детство» атты концептуалды мағынадағы әңгімесінің тақырыбы	24-29
<i>Ijbaeva G.</i> (Ufa)	M.Karim'in "Uzun Çocukluk Dönemi" Eseri Başlığının Anlamı Title of story "The long-long childhood" by M.Karim in their conceptual meaning	
<i>Кафкасыяли А.</i> (Түркістан)	Allahverdi Piriyeve ve "Ahıska Türksüz kaldı" Destanı Аллахверді Пириев және «Түріксіз қалған ахыскам» дастаны Аллахверди Пириев и его произведение «Оставшийся без турок мой ахисха»	30-48
<i>Кафкасиялы А.</i> (Туркестан)	Allahverdi Piriyeve and his poem "My Ahıska without Turks"	
<i>Мәмбетов Қ.</i> (Түркістан)	Түрік Қағанаты дәуіріндегі қаһармандық дастандар – бабалар дәуірінен жеткен інжу-маржандарымыз Героические эпосы времен тюркского каганата – сокровища наших предков	49-57
<i>Mambetov K.</i> (Turkistan)	Türk Kağanlığı Dönemine Ait Kahramanlık Destanları, Ecdadımızın Bizlere Bıraktığı En Kıymetli Miraslar The heroic epic era of Turkic Khanate - Pearl, come down from the ancestors of the era	

<i>Максұтова С.</i> (Бішкек) <i>Maksutova S.</i> (Bishkek)	Касым Тыныстановдун “Жаңыл Мырза” поэмасы Поэма “Жаңыл Мырза” Касыма Тыныстанова Kasım Tınıstanov’un “Janıl Mirza” Destanı The poem ‘Zhanyl Myrza’ by Kasim Tynystanov	58-66
<i>Тапауова Ж.</i> (Түркістан)	Салыстырмалы-тарихи әдіс – фольклорлық мұралардың өзіндік ерекшелігін анықтауға қажет тәсіл Сравнительно-исторический метод – важный способ в исследовании особенностей фольклорных наследий	67-71
<i>Тапауова Ж.</i> (Turkistan)	Карşıлаштурмалы Тарихи Yöntem, Folklorik Miraslara Özgü Özelliklerin Tespit Edilmesi İçin Gerekli Yöntem The comparative-historical method - a necessary way to determine the properties of the folk heritage	
<b>ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ</b>		
<i>Түрсүн Х.М.</i> <i>Базарбаев Қ.</i> (Түркістан) <i>Tursun H.M.,</i> <i>Bazarbayev K.</i> (Turkistan)	Сералы Лапиннің көзқарастарындағы «исламдық социализм» модулі Модуль «Исламского социализма» в политических взглядах Серали Лапина Seralı Lapin’in Görüşlerinde İslam Sosyalizmi Modülü Module of “Islamic Socialism” in Political Views of Seralı Lapin	72-81
<i>Кафқасиялы А.</i> (Түркістан) <i>Kafkasyalı A.</i> (Türkistan)	Kazakistan Karapapakları: Dünüñ Ahıska- Ahılkelek, Bugünüñ Kazakistan Terekeme/Karapapakları Қазақстандағы қарапапахтар: Ахалкалакта (Ахылкелек) өмір сүрген кешегі Ахыскалар - Қазақстандағы қазіргі Карапапахтар Казахстанские Карапапахи: Наследие вчерашних Ахыска в Ахалкалаке - казахстанские Терекеме Карапапахи Kazakhstan Karapapaks: Ahıska Turks in the old days are Terekeme/Karapapaks of today in Kazakhstan	82-91
<b>АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР</b>		
<i>Ералин Қ.</i> <i>Байдаулетов Ж.</i> (Түркістан) <i>Eralin K.</i> <i>Baydauletov J.</i> (Turkistan)	Қазақ тіліндегі бейнелеу өнері терминдерін қолданудағы әртүрліліктерді жою мәселелері Вопросы устранения разнообразностей терминов изобразительного искусства в казахском языке Kazak Dilinde Tasvir Sanatı Terimlerinin Farklı Kullanımına Çözümler To delete the differences of using art description terms in Kazakh language	92-97
<i>Жолдасова Б.</i> <i>Құрымбай Д.</i> (Түркістан) <i>B.Zholdasova</i> <i>D.Kurymbay</i> (Turkistan)	Сақ (скиф) мәдениетіндегі аң стилі Звериный стиль в культуре саков (скифов) İskit Kültüründeki Hayvan Stili The style of the beast in the Saka (Scythian) culture	98-102
	Түркологияның алып бәйтерегі еді...	103-108

Редакцияның мекен-жайы:  
487010, Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы  
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Ғылым Орталығы, Н.Назарбаев көшесі, 8<sup>ә</sup>  
“Түркология” журналының редакциясы, 4-бөлме.  
Тел.: (8-32533) 6-38-01,  
Факс: (8-32533) 6-38-01  
Е-mail: [turkologi@mail.ru](mailto:turkologi@mail.ru)

Журналдың электрондық нұсқасын [www.turkistan.kz](http://www.turkistan.kz) сайтынан оқуға болады.

Журнал Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің “Тұран” баспаханасында көбейтілді.

Қолжазба қайтарылмайды.  
Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның  
көзқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ж.Танауова

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы офсеттік.  
Шартты баспа табағы 11,5.  
Таралымы 500 дана. Тапсырыс.